



**Зейнелғағандан  
Әл-Жауһари  
және  
оның мектебі**



# **Зейнелғабиден әл-Жауһари және оның мектебі**

**Оқу құралы**

**Құрастырушы Тұрсынбек Мәлікев**

**Көкшетау 2016**

ӘОЖ 34.0

КБЖ 74.00

3 41

**Абай Мырзахметов атындағы Қекшетау университетінің  
ғылыми кеңесі ұсынған**

**Пікір жазғандар:**

- К. Қ. Әбуев, тарих ғылымдарының докторы, Ш. Үәлиханов атындағы Қекшетау университетінің профессоры;  
Н.Ж. Шаймерденова, филология ғылымдарының докторы, Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры;  
С.С. Досанова, педагогика ғылымдарының докторы, Абай Мырзахметов атындағы Қекшетау университетінің профессоры.

**Құрастыруышы Т. Мәліков**

- 3 41 Зейнелгабиден әл-Жауқари және оның мектебі. Оку құралы./ Құраст. Т. Мәліков. – Қекшетау, 2016. – 100 б.

ISBN 978-601-231-996-5

Бұл оқу құралының бірінші бөліміне қазактың алғашқы ағартушы, педагог, жазушыларының бірі Зейнелгабиден әл-Жауқаридің 1909 жылы Уфа қаласында жарық қөрген «Насихат Қазакия» шығармасы енгізілді. Аталған еңбек энциклопедиялық сипатқа ие, яғни мұнда сол кезеңдегі қазақтар өмірінің қоғамдық, саяси және әлеуметтік құрылымының мәселелері айқын ашып корсетілген. Сонымен қатар ол алғашқылардың бірі болып (егер алғашқы болмаса) Абай шығармашылығының ерекше маңызды екендігін малімдеуі арқылы, іс жүзінде абайтанудың бастауында түр деуге болады.

Екінші бөлімінде сол еңбекке берілген түсініктемелер мен бүтінгі зерттелу жағдайы көрсетілген.

Үшінші бөлімде Зейнелгабиден мектебінен білім-тарбие алын шыққан әйгілі шәкірттері: кеңестік мемлекет, саяси, мәдениет қайраткері Смағұл Сәдуақасов, саяси және қоғам қайраткері Хабиболла Әмирин, ҚазССР ҰҒА корреспондент мүшесі Файнегдин Мұсабаев пен ҚазССР-іне еңбек сіңірген мұғалім, даңқты педагог Сабыр Мәліковтер туралы баяндалады.

Оқу құралы оқушылар, студенттер, оқытушыларға арналған.

ӘОЖ 34.0

КБЖ 74.00

ISBN 978-601-231-996-5

© Мәліков Т., Аскаров К. және авторлар, 2016.

## KIPICPE

Зейнелғабиден әл-Жауһаридің «Насихат Қазақия» кітабы араб қарпінде, төте нұсқада жазылған. Кирилшедегі осы заманғы жазу қарт мұғалім Бекен (Бәнидмен) Жақыповтың (озге де нұсқалары бар) мәтінді сөзбе-сөз сақтай отырып жасаган аудармасы, яғни онда татар, араб және қазақтың ескі сөздері де ұшырасады. Бұл сөздердің мағынасына филолог ғалым, филология ғылымдарының кандидаты Жағыпар Мусин түсіндірме жасаған болатын. Сонымен бірге Зейнелғабиденің оқушысы Сабыр Мәліковтің де түсіндірмессі жарияланып отыр, мұнда ол Зейнелғабиден Жауһаридің шығармашылық мұрасымен танысадының қажеттілігі туралы жазады, қазіргі заман оқырманына аздал ынғайсыздау көрініңде мүмкін. Мұның мәнісі – іс жүзінде Зейнелғабиден туралы сиң алғашқы жарияланым болып саналатын Мекемтас Мырзахметовтің мақаласында осындай қосымша мәлімдеме жасалған болатын. Егерде Сталиннің қайтыс болғанына небәрі бес жыл өткенін, хрушевтік жылмық жаңадан ғана күш алғып келе жатқанымен, оның соңы неге әкеліп соғатыны алі белгісіз екендігін, ал «Насихат Қазақия» кітабы қатаң тыйымда болғандығын ескерсек, онда Мекемтас Мырзахметовтің және Сабыр Мәліковтің азаматтық батылдығы айтуға тұрарлықтай смес пе.

Соңғы кезеңдері Зейнелғабиден әл-Жауһари туралы коптеген филологтар: тілшілер, әдебиетшілер жазуда. Танымал абыттанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор Мекемтас Мырзахметовтың жұмыстарын ерекше атап өткен жөн.

Мұндағы жарияланымдар туралы қысқаша шолуды гуманитарлық ғылымдар магистрі Асылбек Байтандұлы дайындағы және ол кітапты кириллицаға көшірген вариантын өндеді.

Уфадағы «Фалия» медресесін бітіргеннен кейін Зейнелғабиден туған ауылында мектеп ашады, бұл мектеп небәрі төрт-ақ жыл өмір сүрген болатын. Осыншама аз уақыт жұмыс істегеніне қарамастан, бұл мектепті бітірген түлектер арасынан тек солтүстік өлкенің ғана емес, күллі Қазақстан-ның дамуына ілгерінді ықпал еткен тұлғалар шықты.

Кейіннен көрнекті қоғам және саяси қайраткері дәрежесіне көтерілген Смағұл Сәдуақасов та осы мектепте оның басшылығымен бір жылға жуық уақыт жұмыс істеу барысында Зейнелғабиден Жауһаридің игілікті ықпалын көрген болатын.

Мектептің тәрбиеленушісі Хабиболла Әмрин үкімет құрамында, Рабкринде жұмыс атқарып тұрып, 1937 жылы жазықсыз ату жазасына кесілген. Бірегей құжаттық материалдарға негіздей отырып, оның өмірі мен қызмет жолдары туралы ұлы, Халық шаруашылығы институтының доценті Болат Хабибуллин мен немересі Macat Әмрин жазған болатын.

Ғайнетдин Мұсабаевтың өмірі мен шығармашылығы туралы белгілі шәкірті, филология ғылымдарының докторы, профессор Әйтім Әбдірахмановтің мақаласынан оқып танысуга болады.

ҚазССР еңбегі сіңген мұғалім Сабыр Мәліков туралы оның ұлы, педагогика ғылымдарының докторы, Ш. Үәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің математика кафедрасының профессоры Тұрсынбек Мәліков баяндайды.

# **Насихат – Қазақия**

## **1.1. Алғы сөз**

Ор халықтың ілгері жүріп алға басуына себеп болған нарсе – ғылым, өнер, мығарыф болып, соларды халыққа таратушы, білмегенін білдіріп, алысты жақын, қынды оңайлатқан нэрсе де бұл күнгі жаңа шыққан кітап, рисалалар бүтіп ғаламнан хабар беріп, милlet пайдасын күзеткен жерде уағыз етілер еді. Бұлардан әрбір халық найдаланғанда біздің қазақ шеткөрі қалып тұрған секілді көрініп, сыбағамыздан әр уақыт кенже қалуымызға өкініп, неше миллион халық атынан шығарған бір газеті болмағанына қайғырып, мұнан кейін халқымыз бұл жұмысты ескеріп, әрбір адам оқып фаһымларлықтай нағыз қазақша кітаптар басылып шығара бастаса екен деп, қазақ ұранындай қазақ атына бір кішкене ғана рисала (өсиет) жазып, қолдан келгенше қызмет етуді мойынға алмақшы болған едім.

Рисалем (Өсиет) қазақ атына жазылған соң көбірек орында қазақ шеуесынде алып, бәлки нағыз қазақ тілін естімеген татар ағайындарымызға да қазақ әдебиетінен фи алжәмлә нәмуна өрнек көрсету ниетімен қасіретімді білдіріп майдан етісерге койдым.

**Зейнелғабиден әл-ЖАУАРИ.**

**Бисмилла-иррахман-иррахим!**

Әр адам қолындағысын сойлап, барын мактаса да, адам баласы үшін ең қадірлі, қымбат нәрсе ғақыл болып, сол ғақылды жоғары басқыштарға шығаратын нәрсе де ғылым, өнер мығарып болса керек. Аталарымыздың «ғақыл айнымас, алтын шірімес» деген сөзінің мағынасы да: дүниеде өзгеріп арзандамайтын нәрсе ғақыл һәм білім өнер мығарып: кетпес жауһар, тозбас тон, айрылмайтын жолдас деуге жараса керек. Бұл сөзден ғақыл-білім, яки, ғылым мығарып есінде болмаған байлық патшалық бірде бар, бірде жоқ оғасыз деген мағына шығады.

Бұл үшін Алла Тағала сөзінің басында оқуға, білмегендер білгендерден үйренуге, ізденуге үндеп, әр нәрсенің ақылға салып ойлауға міндетті қылды. Ақылды кісіге дүниеде ғылым көп, әр нәрседен ұлғі өрнек ғибрат алып, ең әуелі адам баласы өз кемшілігін танып, Алла Тағаланың ұлылығын ықтихад еткендігі сықылды дүние ахиретте басына келетін файда-заарына көзі жетіп, соған қарап іс қылу – ақылды, фіқірлі, өнерлі адамның жұмысы.

Бұл турасында Құран Кәрімде: Хақ сұбыханака уа Тағала бәнделеріне тапсырып айтады: «Ей, адамдар, ізденіңіз, ойланыңыз, көріңіз, біліңіз, білгенмен білмеген, көзі бар мен көзі соқыр бірдей емес, көніл көзі соқыр адамның дәрежесі малдан төмен. Білімсіз болсаныз, қор боларсыз, дүниеде кем болғаныңыз сықылды ахиретте де кор боларсыз».

Әлхасыл шаригат исләмиеміз дүния уа ахиретте бақытты, уа сағадатлы болуымызға жол ашып, залалат жауыздық жолынан тыйын, екі жолға екі түрлі уағда

иітгеды. Бұған қарағанда, жақсылық-жамандықты өз гиденуімізден, қылған кәсібімізден тапсақ керек. Мысалы, бір адам Алла Тағаланың берген ғақылын орынна естахмал айтып жүргізбегені себепті, ғылым-білім үйренбенгендіктен, мығарып майымен майланағаны себепті жаһил, надан қалып, «Құдай Тағала маған ғылым-білім бермеді» деуге орын жоқ екен. Және бір ідам жалқаулықпен ғұмыр кешіп «Құдайға тапсырдым, Алла асырар» деп еш кәсіп қылмаған себепті (натуральный) табиғи ондай адам кем һәм фахир болажақ.

Рас, әр нәрсе Алланың тағдырымен болады. Ләкин, биңдөнің кәсібіне қарай бар ғадет Алладан дер (уашлағим тажида-лисунатуна Алла табидулла).

Бұл сөзден мақсұтым: Алла Тағала хадисінде гиденуге үндейді, дін ислам жалқаулықтан тыяды. Біз нендей кемшілік болса өз ісімізден, ұйқымыздың контигінен демекші боламын. Дүниенің түріне, ғаламның өзгеруіне, әрбір халықтың ілгері басуына қарағанда, әрбір ісіміз кенжелеу көрінеді. Әркім өз шаруасының айналасында ғана болмай, көпке пайдалы парсelerдің қамында, халық уа милдетіміздің ілгері басу қайғысында болуға лайықты адамдар шама келгенше халықты туралыққа айдал, дүниеде кем, ахиретте хор болмас жағын жағалап, алды-артымызыға коз салып, келешек ғұмырымыздың беті қалай, нендей заманда тұрмыз, бұл бетімізben не дәрежеге барып жетуге лайықтыз, бұларды да ескеретін мезгіл (уақыт) болса керек еді.

Ғаламның халына қарасаңыз, жыл сайын өзгеріп, күн сайын ілгері жүруде. Адамдар да білмегенін білуге

талаптанып, ғылым-өнер мығарып қақпасын зорайтуға асыққандай көрінеді. Басқа халық ертенгі азығы, келешектегі бақыты үшін дамылсыз харакәт жасауда. Ал біздің халық бірқалыпты жүріп келеді, артық оған-бұған азаптанбайды. «Таңдағы тамақ – Тәнірден, көппен көрген ұлы той», – деп, кеткенді іздемей, барына қанағат қып: «Тәнірі асыраған тоқтыны бөрі жемейді», «Ертенгісін есек қайғырады», – деген тәуекелшіл бір халық еді.

Дұрыс, бүгін рахат, ертең не болар екен? Таңдағы тағамға бүгінгі кәсіп болса керек. Қатын ерге, ер жерге қарап жүрмесін, өнерсіз кісі қанағатшыл. Құрғақ тәуекел шариғатта жоқ. Қасқырына жолықса, тоқты түгіл, боқтығын да қоймас. Ертенгісін есек те ойлайды. Адам баласы бес-он жыл алдағысын ойласа керек. Жұз жылғысын ойлаушылар да бар. Ойға келер, «біздің халық сонша кем бе? – деп бәлкім айтушылар да бар шығар. «Жаз жайлышы, қыс жақсы болса, азды-көпті күн көргіш қолда болып тұрса ол не керек? Бұл не керек? Ойын-құлқі керек!!!

Шіркін, біздің қазақтан артық жұрт бар ма? Береке қазақта ғой. Ана күні жәрменқеде қалаға барып едім, үйге қайтқанша асық болдым. Дұрыс, әр халық бірдей емес, бізде де ақыл-фікір айтушылар, оқыған ғылым-өнер иелері де бар. Ләкин, тамам көпке қарасақ, есептемегеннің малы әр уақытта түгелдей көрінсе де, әр жөннен кемшілік көрінеді. Өз дәрежесін, басындағы кемшілігін біліп, ілгері жүру қайғысын ойлаушылар аз табылады. Бестегелі бел, шалқар көлдер көрінгеннің қолында кетіп, жеті-сегіз ай қыс болса, бұдан былай жаз жайлышы, қыс күйлі бола бермес. Екі ауыл арасына соқа

жүріп жайлау, қыстау, күзек, сақтаған жал-жаяңа қол сипса, ойнап күлу тұрсын, амандыққа әлің келмес.

Бұрынғы кең сахарада өсіп-өніп, уайым-қайғы жок, жайылған малдай бағу-қагу жоқ, жан қинап мал табатын емес, жаз жайлауға шығып көгорай шөптерді орып, ішкен алда, ішпеген артта, келесі ғұмыр ахрет қайғысы былай тұрсын, қыс қамы да естен шыға жаздаушы еді.

Рас, бұл ніфмет уакытында үлкен береке, зор жақсылық еді. Ләкин, ол ніфметтің қызығын өткендер корін, заарын кейінгілер көрсeler керек. Не үшін дессеңіз: ілгергі аталарымыз жайылып, өз еркімен жүргеніне мәз болып, орын алған ағалар жас баладай қолына ойыншық ұсташанға алданып, кейінгі әulet балаларының пайдасын ойлап, келешек ғұмырына миилеті уа халқының не дәрежеге барып жетуіне көз салмаган сықылды көрінеді. Сол аталарымыз заманынан бастан ынтымақ-бірлік ұрығын өрбітіп, ғылым-өнер шыбығын өсіріп, хамит Уатанийа, ғайриб исламия отын жаңып, жаһалат, тағасуап талас-тартыс отын өшіру жолында болсак, екінші, үшінші халық қатарында біз де болар едік.

Бұл турасында мынадай әдеби сөз еске келеді:

Бұл заманда не ғарып?!

Жақсыларға айтпаған,

Дүрі ғauhar сөз ғарып.

Ең жағалай қонбаса,

Бетегелі бел ғарып.

Қаз-үйрегі болмаса,

Лайдын шалқар көл ғарып.

Мұриді тауып болмаса,

Кәміл де болса пір ғарып.

Биі ғаділ болмаса,  
Болады екен ел ғарып.  
Ата-жұрты билігі,  
Өз қолында болмаса,  
Қайратты туған ер ғарып.  
Шөл азарға тап болса,  
Балқаш біткен ойпаң көл болар,  
Шалғыны кетіп сор болар.  
Су азарға тап болса,  
Теңіздей сулар көл болар,  
Көл таусылып шөл болар.  
Мал азарға тап болса,  
Арғымақтың баласы,  
Жабыдан бағасы кем болар.  
Халық азарға тап болса,  
Ақсүйектің баласы,  
Қарамен басы тең болар.  
Қарағайдан биік ағаш жоқ,  
Түбінде бір талша жоқ.  
Ағайын-туған кімде жоқ?!

Сыйласпаса жатша жоқ.  
Арғымақ тұлпар кімде жоқ?!

Шаба алмаса тайша жоқ.  
Қожа, молда елдекөп,  
Шаригаты болмаса,  
Есек мінген сартша жоқ.

Енді осы секілді аталарымыздың хикматлы, мағыналы сөздерін тұтқа қылып, үнемі өзімізді кем санамай, «басқа халықтан ғылым мағрифатымыз төмен болса да, атамыз кем емес, сүйегіміз тең. Ізденсек біз де

ішім баласы – табамыз», – деп барып, қөңілді бір мезгіл үшін салып ұлкен талапты, зор үмітті болуға ғадеттену көрек еді.

Екінші өз лұғатымыз бойынша тіл өнерін сақтап, шайб-бұлай бұрмаламай, тілімізді, дінімізді өзгертпей, шеттеген өнер-білім жинап, мақтаулы ғадет, табиғат, шарынгат, ақылға ұнаулы көркем ғұрыптарымызды қылдырмай, екі дүниеде де қор болмас үшін тіршілік ынсанымын да біліп, ақыл, фікір (дағра) қорасын қорайтсақ екен.

«Шоң бітпес деп – жерден, мал бітпес деп – ерден іүцилмес» деген сықылды, халық қызметін мойынға алып есіләх, ершад хақында сағи айтушы жігіттер, хамит иштүші кәрілер болса қайраты босқа, кетпес деп үміт стүгге жарайды. «Қатты жерде қақ тұрар, қайратты ерде мал тұрар» дегендей, «нысапты елде Хақ тұрар, өнерлі елде бақ тұрар», «Жалқауға дәүлет үшін үйқы берер, жиманға ғақыл үшін құлкі берер» десек, мағынасыз болмас еді. Сағи ғайрат етіп ғылым-өнер іздеу хақында машиғұр Ұбырайым Құнанбаевтың бір сөзі:

«Жол көрмек, жоба білмек, жиһан кезбек,

Бой жеңбек, ер жігітке ақыл таппак.

Тағдырын қыр уа шәрнің Хақтан біліп,

Кошелі өнер иесін жүрссе жақтап.

Пиестің түзу болса – ісің аппақ,

Екі елі аузыңа қойсаң қақпақ.

Сыбыр, өсек дегенді сырттай жүріп,

Ғылым, өнер мал таппақ, жүртқа жақпақ».

## **1.2. Алла Тағала тарафынан келген Құран Расул Алла әфәндіміздің хадисі**

Хак сұбықана уа Тағала Фазыл уарахматымен Расулі әфәндімізді бүтін ғаламға елші сайлап, адам баласының дүние уа ахиретте сағадатлы уа баҳытлы болу үшін 114 сүре 6166 аятлы канун аһли шариғат кітабын жіберіп, адам баласына файдалы нәрселермен бірге әмір қылыш, заарлы нәрседен тыйғаны сықылды дүниеде кем, ахиретте қор болмау жолын баян етіп, иғі жол көрсеткен еді.

Сол Құран Кәрімде айтылған тұра жолмен жүрушіге дүниеде жал неғмат, баҳыт, ахиретте жәр уа сағадат берермін деп уағада қылыш, исламият жолынан адасып, Алла әмірін орнына келтірмеген (милләт) халыққа дүниеде кемдік, ахиретте хорлық болар деген еді.

Пайғамбарымыз ғалейһи ссалату уассалам хазіретлерінің жиырма үш жыл ішінде пайғамбарлық қылыш, халыққа сөйлеген сөзі бұл Құранның аяты Алланың уахиы еді.

Расулі әфәндіміз жұз мың сахабамен хаджатул уада и да Ғарафатқа жиылып тұрған уақыттарында (Әлиаума аклмту лакум динакум уа тәммәту алайкүм нығамти) бұл күнгे дейінгіңі түгелдеп қалдырыдым, сіздерге нигматымды тәмам еттім деген аят кәримәсін айтып, ол сұлтан әнбия пайғамбарымыз өзінің бұл фәниден көшуін аңлан, халыққа хұтба, сахабаларға осиет, кейінгі үмметлерінс сөлем айттып (уа уахи лә һаза әл құран ләнзәрәким уа мин бани), аят хадис бойынша Расулі әфәндіміз (лаиблаг аш шаһиду минкум алғаiba): «Сөзім мен өзімс уәжіпті міндетті ісімді ада қылдым,

еттердің бұл мәжілісте мухажир болғаныңыз  
бөлімаганыңызға (сонғы үмметке) өзгертпей жеткізініз,  
бұл бір – аманат, қалдырған мирас», – деп сол қызметті  
орнына келтірмек үшін, кейінгі халыққа айтып  
үкітырып, фәһэмлік етпек үшін (әл ғалима уа рисатун  
мінбіа), ғалымлар пайғамбардың мираскоры деп әхлы  
шілдеменің мойнына артқан еді. Хамде (Куллукум рағи  
үи қаллукум масулун анрағийатиһи) сөзімен бұл хизмат  
муқадасты жалғыз әхл ғылымға тапсырмай, бәлки бүтін  
шілдемі (нәфузәлі) орын алған адамдарға тапсырып,  
көйші, күзетші баққан малынан сұралғаны сықылды  
еттер де кейінгі халық хатын-бала орамыңыздан сауал  
қылышып, жауабын беруғе міндетлісіз деген еді.  
(Тілака әйатул китаби әлхакиму худан уа рахматун  
шілмұхсуни әлхі) аят кәримәсімен бұл Құран Қәрім:  
Алла Тағаланы бір деп, пайғамбарды ҳақ деп ахирет  
күніне сенген кісілерге жол басшы, дүния уа ахиретте  
рихмат уа сағадат болып, Алла әмірін наданшылығымен  
оның құлкіге айырбастап, адам баласының пайдасы  
үшін қойылған шариғатымызды жеңілге санап, құлағын  
сиптімай, жүзін бұрған адамдарға (ғазаба маһайын) хор  
қылатын ғазаптар болар деп қорқытуы да бизете  
мирхаматлі Алла Тағаланың фәндәләрін туралыққа  
шілдауы, ол ҳаким кәрімнің ғадалаты еді. Бинаун  
шілдейіни, бұл Құран Қәрім колында болған адамдар  
Расулі Алла көрсеткен жолмен жүрген миллет  
шілуақытта дәрежесі кем болуға лайық емес. Оның үшін  
Алла Тағаланың біздерге жіберген низам шариғатында  
кемшілік жок пенделер пайдасы үшін көп ықтиар

тыйышты (хұқық) прауалар қойып, дін ислам дүниеде рахат ғұмым сүруден тыймайды.

Бәлқа хақиқат исламиат мұсылмандарының басқа халықтан артық болуына, өнерлі мағрыптылы болуына ондап, ғапыл надан қалудан сақтандырады.

### 1.3. Құран ғазим не бұйырған?

Құран Кәрім Алланың барлығына, бір екеніне сеніп, хазір назир деп біліп, барша бұйырған қызметтерін орнына келтіріп, тыйған нәрселерден тыйылуға бұйырады.

Алла Тағала тарапынан бүтін ғаламды (еслах) түзету үшін жіберілген пайғамбарларға, олардың келтірген кітаптарына, ахират күніне, жұмақ, тамұқ хисап мизамның болуына кәміл иланып, иман келтіргеннің соңында таһарат наззафат, намаз, ораза, зекет, хажылық бұйырғаны сықылды ғаделет, садаһат, такуалық, тазалық, адамдар бір-бірімен ілтифат етіп, әр істерінде мәслихат-машуартта болып, бір-біріне (тағауун тунасир) жәрдемдес болуларын әмір қылады.

Һаммада мұсылман мұсылманды қарындас деп санап, ислам дінінде мынау алыс, мынау жақын демек жоқ. Адам балалары бір Алланың бәндалары, бірінен бірін артық емес деп біліп, әмір мағұп, нағи мункаир айтып, дін қарындастарының арасын сыйлас жақын қылуды бұйырады.

Жалғыз-ақ (ән акәрмәкүм ианзалла атқанум, анманшалла мин ғибадул ғулама-ун тайғу Аллаһуа тайғу а ал Расул уа уали алламр минкум) аят қәримі бойынша Алла Расул әміріне итагат айтып, адамдар өз

арысында болған әмір иелеріне, халықты түзулікке үндеп, жауыздықтан тыюшыларға раҳмат айтып, Алла қыссында құрметті адам тақуалық қылушки, Алла әміріне бол үсынушы халыққа әмір мағрұп наһи манқар айттып, дің таратушы ғалімлар деп білсе лайық-дұр.

Құран ғазим және салаһу рахымлық жөнінде: атапшыны тәрбиелеп сыйлау, фахир-мескін нашарларға (мин ам-әнфак) қарасу, әдеп, нысан, сағи уа ғайратқа әмір қылғаны секілді, көркем қылышты, ашық жүзді, хош сүгід болуға бұйырады (мин жағд файна, минаһдинаһум сибілана ән фаруа ғафафан уа сақлан уа жаһаду, уа ғимулкум уа анфсукум фи саббили Алла, уа әнлайса, миинеан әламасғи уа әнна сағиун суфу биара, қуллу нағен бимакасабат рахимин) аят кәрімдері узун мінъяналарына ефада қылады.

Қысқасы: иман келтіргеннің соңында ізгі ғамалдар мен калуб канун әлhi тарих хақында сабит болған ғамалдарға Құран Кәрім неше орында сағдат, абдия, мәңгілік байлық, үзілмес махабbat уағда қылған.

Расул Алла әфәндеміз хазретлері де сол Құран Кәрімде болған ғамал салиғаны тілімен сөйлеп, қонымен істеп, халіменен халыққа көрсетіп, сахабалар да Алла кәләмін, уа расул Алланың санат шарифасы ғанаңындар да сахабалар соңынан табиғ табиған да, ғанаңындар ізінен кете берді. Сол Құран Кәрімнің соңын, Расул Алланың санат шарифінен сахабаларының ғамалынан кейінгі ғалым уа мағдилар шариғат канонын түзділер. Бұл мұждаһатлардың машһурлері: Имам Ағзам Әбу Ханифа, Имам Мәлік, Имам Шафиғи, Имам Ахмат болып, әрқайсысының мазхаблары хақ-дүр. Бұл ғалімлер Құран ғазим уа хадис Расул Алладан

хукумлер шығарып, дін исламға көп хизмат еткендер еді.

Енді (хайр анмехарун харни сумма аллазин иалунаһум сумма аллазин иалунаһум) хадис шариғі бойынша шул заман сағадатлардан бұл күнгіше адамдар арасына ехталап талас-тартыс түсіп, мазғабларға бөлініп, Құран Кәрімнің ізінен адасып, Расул Алланың санат уасирінен жаңылғандай болып келген еді. Сонда да Расулымыздың (ла из ал мин уммати кағимати би амри Аллаһи ланазәр һұм мин һазлаһум) хадис шәрифін ойға алыш, таластан соң пайда болған бидғат нарафат уа һам хаялатлар қалдырылып, Құран ғазим уа санат Расул Алланың рухымен, жолыменен жүрін, сағ таза исламиятпен тәрбиеленсек, (хауалнази расул-расуллала билхади уадин улхақ линазаһаруұы ғалиаллиддини куллаһу) ендігі дін хак, мұхтасаф (күнтүм хайру уматун әхаражатә линнәис таұн марун билғаруғ үатануұн ған илмұнкар) ендігі хакикат үммет жумласынан болар едік.

#### **1.4. Қазақтардың қазіргі халы**

Русия қол астында алты миллиондай қазақ баласы мал тәрбиесімен айналып, көшіп-қону шаруасымен шұғылданып, ілгергі уақытларда барымта жау бәлесімен, кейінгі замандарда сөз уа партия апатымен уәл шәриф дін исламды рухландыра алмай халықтың тәрбиесі кемдеу болса да біраз жылдан берлі дәл бұрынғыдай болмай азырақ ілгері ғылым мағрұп жөнін пайымдап, шөп-мөн шауып, қора-қопсыны түзетіп, егін салып, балаларын оқыта бастап, мәдениеттің бірінші басқышына аяқ басты десек жарап. Хатта бұл күнде

Офи, Троиск, Орынбор, Петропауыл, Семиполат шынырларінде оқыған шәкіртлерінің үштен бірі қазақ папалары десе жарайды. Ел ішінде әр ауыл мұғалім (моңла) ұстап балаларын оқытуда. Орысша оқушылар ди бір. Бұл уақытта жаз үш-төрт ай, бағзы жерлерде екі-үш ай ғана жайлауға шығып, мал семіртіп, егін-шөбін шишиқап соң қыстауына қонады. Араларында мал, тери, көзделеме саудасын айналышық етушілер де көбейіп келеді. Соңғы екі-үш жыл ішінде егін салу кәсібі де 1908 жылы Қостанай уезінде кісі басына скі жарым десетина, Ақтобе уезінде бес десетина жер шашылған. Орал облысында 1905 жылы кісі басына алты десетина жер шашылған. Ақмола, Семипалат облыстарында егін салу юрайып келеді. Бұған қарағанда біздің қазақ та мәдениеттің екінші басқышына аяқ басуға әзірленеді десек лайық. Алла Тағала рахымын берсін. Көп кешіктей мәдениеттің жоғарғы (сабиқа) қатарларына шынықтарын өтініп разы айтамыз.

Бұл турасында айтпақшы сөзіміздің бірісі: ілгері үикілттарда біздің қазақ секілді Самар, Қазан ғұбернияларында татарлар да көшпелі жері көп бос сақтара екен. Солардың әрқайсысына халық толған соң бұл күндері қазақ жеріне хахолдар құйылуда. Бірнеше жиексі жерлерін алып, үлкен кең жерлер тарылып келеді, өткен күннің келмеуіне, жер алынудың тоқталмауына көз жеткендей де болып келеді. Енді біншің қазақ сол қалған жерінің ең жақсы, бетегелі, қара тонырак, сулы орындарына орнығып, қелешек заманда си кадірлі жер егін шығатын жер деп біліп, оған-бұған шишидамай егін жағын қуаттандырып, шама келгенше мал осіру кәсібін де қалдырмай, сауда сату етіп,

бұрынғы жалқаулықты азайтып дүниеде хор, фәқир миllет болудан сақтансаңыздар екен.

Екінші сөзім: әр миллеттің ілгері басуына, қуатты өнерлі болуына себепші болған нәрселер болғаны секілді, кімге де білгікі бірнеше себептер болса керек. Әр екісіне де жоғарыда ишарат қылышп өткен едік. Фақаса бұл – пайдасына не қылмак керек? Бұнын шарасын ойлап ел адамдары, ақыл иелері, ғалым фәқиrlар, арбабы халыққа басшы болып, маади яғни, дүниеде рахат ғұмыр кешу жөнін айтышп, дін істерімізді шариғат жолын, түрлі себеплерімен таһамин мақсат жолын ашып, мағанауи құт ахрауи сағдатымыз үшін дүниеде құқығымыздың зайды болмауы үшін, дін істерімізді уа шариғат жолын көмескі калмай, саф жаунарды тәрбиесіз қалдырмай (алхак ахак ән иутаббих) деп Расул канун иллаһиге әрбір ісімізді тапсырып, оның қылған хұқумі төрелігіне мойын ұсынып, бір заман сынап қарасақ екен!

Мұнан кейін сол халықтың артта калуына себеп болған нәрселерді әр жағынан заарлы бірнеше ғадет қылған жұмыстарды қалдырып, оның орнына көпке пайдалы, ақылға ұнаулы, халықтың түзеліп, ілгері басуына себепші бөлған істерді араға алуға іжделетсек екен.

## 1.5. Ұнтымақ-бірлік хақында шариғатымыз не айтқан?

Құран Кәрімде: (фағтасаму абхабил Алла жамиға уа латтағир қая) аят кәримесінің мағынасы (Алла Тағала пенделеріне айтады): «Сіздерге баян қылынған тұра

жолда шаһит болып, сағадат сарайына тура алыш  
Оириттын Алланың арқанына жабысыныз, талас-тартыс  
қылышп, бір-біріңізді бөтен санап айрылысып  
шылтамаңыз (уа атиғуа Аллаһу расулуһу уалтәнәзагу  
ғиғифашылу уатзһафу раихим уа сабир уа ан Алла міғ  
Алсағириң) аяты қәримесімен Алла Расул әміріне бой  
ұсынын, пайдасыз істерде таласпаңыз. Әгер әмсө  
жолдан шығып, бір-біріңізге дүшпан болып бытыраса-  
ның, таралып, тапталарсыз, күш-қуатыныздан айрылар-  
ың, әр істе сабырлық қылышың, Алла – сабыр иесімен  
(иншама алмуһминун ехуху фасалху а бин ахуаикүм).

Мұсылман мұсылманға қарындас, өз тұғандарының  
арысына бұзықшылық қылмай, түзулік жағында, түзету  
қылтасында болып, екі адам сойласса, екі ел араздасса,  
арынға кіріп татуластырыңыз (лайсаһару қауман мин  
қиумниң ғаси ан иакунун ағиран маһим алжан).

Біреу біреуді мысқыл қылышп, бір ел екінші елге  
күлмесін, өз басына құлу жақын. Біреуге жаман атақ  
жинсырып, өзінізді ғайыпты қылмаңыз. Халық қөзінے  
тұну, таза адам көрініп, ішінде жаман ой, жауыз фактілі  
бонмаңыз. Хақтық, шындық, туралық, ғаділдігі  
бонмаган адам Алла қасында залымлар дейді. Алла  
әмірінен қорықсаның, біреуге жауыз құмән қылудан  
сиктаптыңыз, біреудің жасырған мінін (ғайыбын)  
тексерменсіз. Сырттан дүшпандықпен бір-біріңізді  
тіншілап, ғайбаттап мұсылман қарындасыңыздың етін  
жеметіз, Алла әміріне бой ұсыныңыз. Оның үшін ол  
Алла Тагала дүниеде жамиғ нығмет, ахиретте мәңгілік  
спидат беруші, пендеге мархаматлы бір зат етсе-дүр.

Ынтымақ, бірлік хақында біреу біреуге залымдық  
қылымак турасында расулі Алла әфәндіміз де неше

орында етифақ-етиқад, бірлікке ұндең, әр жөнінен заррар сөздер сөйлеген (алмумин алмуғмин калбитиен ишд бағзат биғжа). Мұсылмандар бір анадан тұған кісідей біріне келген зарап қайғы екіншісіне де келеді, біреу біреуіне мұқтаж керексіз кылып шетке қағу жоқ. Мысалы: бір-бірін байлаған үйдің бөренесі сықылды, үйдің бір кірпіші сынып түссе, ол үйде жылулық қалмағанында, мұсылмандар бір-біріне жәрдемдес, ынтымақтас болмаса қуаттана алмас, істері ілгері кеппес. Бұл мағынада пайғамбарымыз (алмуслим ахуа алмуслим лайзалмун уалайхазәлә, уәләніһакра, алмуслим мин салам алмуслим ғин идда уасилана ансамра хак залмия уа мажлума алрахмун иурахмһим алрахмин әрхамуа мин фи илар зи иархамаким мин фи алсамаун лаиуағамин еңдагим хати иаһаб лажайм майнахаб анфаса, хайра алнасия мин ианағағ алнас шара аллнаси мин иазра алхаси) ниетлі уағыз уа насхатларда болған: Бұл хадис шарифлернің қысқа мағынасы: Мұсылман – мұсылманның қарындасы (туғаны). Біреу біреуге залымдық қылмасын, қорламасын, күйіндірмесін; анық мұсылман деп сол адамды айтамыз. Нахақ кісіге, орынсыз жерде тіл ұзатып, қол тигізбесін; бәләқа нашарға қарасып, нахақ адамдарды залымдарға жегізбей мархаматты, шафағатты болулары, өз басына тілеген жақсылықты басқа тұғандарына да болуына қызғанбасын (әлқасыл). Адамдардың ең жақсысы: өз пайдасын ғана ойламай, көп қайғысын ескеріп, халық пайдасын коздеген кіслер-дүр. Адамдардың ең жаман жауызы: халыққа пайдасыз, заарлы, бұзақы адамдар.

Енді, бұл сөздерден өлшеу алып, әркім өзін-өзі түзуулікке айдалап, ақылға, уа шаригатқа муафық істерді

орнына келтіріп, Алла уа Расул әміріне хылап жұмыстарды халық арасынан қалдыруға иждиһат етіп, адамдар бір-бірімен достыққа, бірлікке, туралыққа бекініп, өкшесіздікті қойып, әрбір кемшілігімізді түзетуге кірісіп, әр фәннің бір басшысы, әр істің бір қызметшісі болғаны сықылды, бұл өмірде әмір мағұп, нағи мәнкір қылып, халықты ізгілікке екі дүниелік сағдатқа бастаймын деген милlet уа дін қызметшілері болса халқымыз да бұрынғы жалқаулық, салактықты қойып, нағыз көпке жанын фида, миллетке малын құрбан қылатын қаһармандарға, ел пайдасын ойлаған арыстандарға, ықтияр қойып, әркім шамасына қарай күш-көмек жәрдемдес болып, әр адам өз басына тиісті қызметте дауама етсе екен!

## **1.6. Болыстық сайлауында партияга бөлінуде пайда бар ма? Заары қанша?**

Хаят ежтемағия күллі халықтың тыштығына заарлы, әрбір фитнаның оянуына себепші болған, әкеден баланы, ағадан ініні айырып, бүтін халықты әуреге салатын нәрсе: ел ішінде болыстық, билік, хати ауылнай выйбырнайының сайлауында ақша жүргізіп талас қылып партияға бөлінер еді. Бұл партия деген бәленің басталуы. Дәulet иесі байларымыздың көңіліне бір дерптүседі.

Алла Тағаланың берген дәuletінің қызығын көріп, болыстыққа сайланайын, болыстық қызметі қазаққа аз емес қой деп шама келгенше бұл жолдан малын аямайтын болып, бір жыл бұрын қолына түскен адамдарды ертіп алышп, ел жинап, атқа міне бастайды.

Сол елде екінші бір бай әлгі адамның бұл ойға кіргендігін біліп, өзіне ерген адамдарымен ол да кісі жинап елді бөле бастайды.

Сонымен қашан сайлау болғапша **білімдердің** есігі босап, қолы ашылады. Қызыурақ болғанда берген аттың майы есеп емес. Бұл жолға шығарған ақишинды торт-бес мыңнан он мың сомға, кейде ірі байлаш шымысқа кірсе, екі жағынан да айдалап қыздырушиш болса, 15-20 мыңға барып қалатын уақытлары болады. Айттымыш ақшаның айдауымен бір ауыл екінші ауылмен дүнидан, біреумен біреу дос, біреу біреумен арағ, кейде бір ауыл екіге айырылып, бір үйдегі адамдар біреуі анда, біреуі мұнда болады. Екі жақтан хайла тұзагыш құрып, неше түрлі тәслім торын жайып, біреуді біреуге шыстырып, біреуді біреуге қосып, құда қылып, байластырып, әрбір фитнаны араластырады. Сонымен мың-мың ақина, жұз-жұз адамдардың жүрісі шыдата ма? Бір жағын әлсіретін, болыстықты біреуі алып, үш жылдық қызметіне сайланады.

Халықтың пайдасы – партия уақытында тиматы тоқ болады. Оған бұған жұмсауға азырақ расходтық ақина да түседі, ләкин бұл пайдасынан әр жөнисен заары артық болады, кияметтегідей сайлау уақытында біреу біреуден айрылғаны басқа уақыттарда да естерінен шықнай, сол ізben халық арасында сұбықтық үзілмейтін болады.

Екінші, ел алу үшін біреуі біреуімен құда болып, жас балаларды байластырады, келешек гүмырында ол балалар бір-біріне тең бе? Кем бе? Оған қарамайды. Соның үшін біздің қазақта әркім сүйгешіне барып, теңіне қосылу аз болады.

Шаригатымыз сүйгеніне, «лайықты теңіне беру – атаға міндетті, мойнына борыш» десе де мұны ойна алып, ғазиз баласына жаны ашып, бұл жұмысты ескерушілер ілуде біреу ғана табылады.

Баланы жастай бергендіктен әр фитнаның өрбүін, жесір дағуаларының себебін өз орында сөйлерміз. Енді келейік әуелгі сөзге: «алғайту табари ллаусилтун» деғен сықылды қызмет адамдары халыққа ғаділдікпен айта қалғандай жақсы қызмет етсе, ел пайдасын жұрттың қамын күзетіп, туралыққа айдаса жарайды ғой. Жүрген жерін қағыстырып, соғыстырып, сайлауда шыққан шығынның үштен бірін шама келсе, онан-мұнан жарымына жуық тауып жинастырып алу қайғысында болса – үлкен бәле бұдан табылады. Халық ішінде ынтымақ, бірлік, татулық, тыйыштық болмауға себеп болады (2). **Фажап!!!** Байларымыз болысты ақылға салып, пайда, заарын өлшеуге алып қараса екен! Халыққа дұрыс қызмет етіп, Алладан бақыт ізденуге жарайды ғой. Ләкин Алланың жақсылығы, байларымыздың бақыты сол қызметке ғана хасланып, адамның адамшылығы сонда ғана табылмаса керек еді. Ғақыл, білім иесі болыс болмаса да, қадірін халық таныса керек. Бұл тұрғыда бұрынғылар айтқан екен:

«Жақсы адам жаман болмас, жағы түсіп қарыса да,  
Жаман адам жақсы болмас, қанша Қыдыр дарыса да,  
Әмудария харам болмас, қанша иттер сарыса да».

Әлхасыл, болыстық қызмет ел ішіндегі жас мырзаларымызға ел танып, жол жүріп, жоба білмек үшін талаптану лайықсыз смес қой, жалғыз-ақ бір үш жылдық қызметке сонша ақша есірап етіп, партия жасап, елге бұлік салуға тұрмайды ғой деп ойлаймыз.

Дәuletі бар адамдар Алла Тағаланың берген шығматын орныменен жүргізіп, ықтиярымен жұмсағы, жаңғыз ел ішіндеға жүрмей, бағзы үақытты жиһән көтіп, шаһар аралап, әр нәрседен үлгі өрнек, гибріт шашы, дүние ахиреттік сағадат бақыты үшін көп пайдасы діп жолына сайлауда шығарған ақшасының үштегі бірін, болқім, оннан бірін шығарып, халық ішіндегі сенімді түту адам болуға иждиат етсе, ондай адам ел ішіндегі болыс емес, аға сұлтан деп саналар еді.

2 Болыстықты біздің қазақ сонша қыздірлі білсес де болыстар да өзін-өзі дәрежелі санамаса да бірағынан сылтау қылып ұлықтарымыз түсірін тастай ма дең неше мың теңге шығарып болған соң бұғадағынан қалу үлкен қыындық көрінген себепті әр үақыт жағынан шыбын болады. Оның үшін арба майсыз болғандың жеңігі үйренген сабаздар бір жеті күн отырғызып болмаса, түсіріп тастасуы да қыын болмайды.

## 1.7. Мектеп, медресе уа мешіттерімің бар ма?

Жоғарыда һәм айтып откен едік. Өр ауыл молда ұстап бала оқытуға айналысса да, ауыл сайын тәрбиелеп жиылып, намаз оқытын жақсы, тазағана мешіттері болмайды, болса да ол мешіттер не үшін салынғанын білмеген адамдар да көп. Бұл мешіттің жоқтыны, халықтың жиылып намаз оқымаулары – үлкен хасірет, бес кемшіліктен саналады. Мешіт салынған, жамағат болып жиылып намаз оқуға біздің қазақтың көп орынлары ғадатланған жоқ. Шариат исламиямыз бір таза орынға жиылып Алла Тағалаға (азаһар гибуадит) құлшылықты міндетті парыз қылса да, ауыл халқы

бірігіп, ортасынан бір таза үй салып, бес уақыт намазын сонда оқып, уағыз, насиҳатларын естуден марқұм болып келмекте-дүр.

Балалар оқуы үшін де бөлек мектеп салып, оқытушы моллалар да бала оқыту тәртібін білетін ғылымы бар үлгілі медреседен шыққан адам болуы керек еді. «Қисық арба – жол бұзар, шала молла – дін бұзар» деген секілді (асыл тағлым) бала тәрбиелеу жөнін білмеген моллалар балалардың ақылын, табиғатын, құлқын тәмам бұзып бітіреді. Жас бала жаңа өсіп қеле жатқан шыбықтай қалай исен, солай иілуге келеді. Сондайын жас табиғатты әлгі ғылым тәрбие, усули тағлымнан хабарсыз мұғалім әпенді өзінің қисық тезіне салып, таңертеңнен кешке шейін балаларды қамап, ауыл шетінде бір баланың ойнағандығы мойнына түссе, шыбық салып, балаларға еш уақыт жылы жүзбен қарамай, қолында шыбығы, балаларды тергеуге алған кісідей алдына жүтіндіріп, ақырып-шақырып, балаларды сұжүрек қылышп, тамам оқудан ықласын алып бітеді. Балаларға осындай моллалардан сабак оқу – үлкен михнат көрініп тұрады. Хатта бір бала ата-анасына жақсы қызмет етпесе: «Сені пәлен моллаға оқуға берейін» десе бала қорыққанынан нендей ауыр қызмет болса да істейді.

Енді бұрынғы екі ай әліппс, үш ай иманшарт, алты ай әптиек оқитын уақыттар өтті. Бұл күнде мектептер тәртіпке қойылып, балалардың түсініп оқуына лайықты пайдалы, жаңа кітаптар шығарылды, сол кітаптарды ретімен оқытып, бала тәрбиелеу ғылымын білген адамдар аз уақытта көп нәрседен хабардар қылады. Бұған шаһарлы жерде «ұсул жәдид» дейді, қазақ ішінде

«төте оқу» деп атайды. Ол «ұсул жәдид» дегеніміз – басқа жаңа шықкан оқу емес, бұрынғы оқу, жалғыз-ақ балаларға аз уақытта жазу жаздырып, кітап оқытып, әр нәрседен хабардар қылатын жаңа шықкан тәртіп». Шәһерлі жерлер балаларын бұл тәртіппен оқытып, пайдасын синап білділер. Біздің қазақтарда мұнан былай осы төте оқумен оқыта бастаса екен! Елге мұғалімдікке шықкан шәкірттеріміз де мақсаттары қазақтың ақшасын алу қайғысында ғана болмай, қолынан келгенше халыққа уағыз-насихаттар сойлең, балаларды жақсы тәрбиелеп, ілгері басу ҳақында саби үағибрат етіп милләт жолына мұқадас бір қызмет етулерін өтінеміз.

## **1.8. Бала оқытқан (мұғалім) моллалардың уазифасы**

1) Бала оқытып, мұғалімдік қылған моллалар ең басында өзін өлшеуге салып, нендейін қызмет стүгес міндегі екендігін фаһамлап, тәменде айтылмыны уазифаларында болулары ләзім. Аһі ғалым болған кісі сабырлы, уа қаралы болсын. Халыққа үлгі, түзулікке басшы болсын. Жүріс-тұрысында жеңілдік қылып, халық көңілін сөндірмеске иждахат етсін. Ойын мәжілістерінде болудан қатеге үзсін. Қысқасы: халықты уағызлап, қалдыруға лайық, шарға қалатып істер мұғалім әфәндінің өзінен табылmasын.

2. Халықты тұра жолға ұндеуде пайғамбарымыз ғалейисаламның жолымен барып, әрбір істе Құран Қәріммен ғамал қылып, халықты (таджриди суратта) ақырындан сағдатқа салахитлы болған істерге айдан,

жұма сайын уағыз-насихаттар сөйлеуге тиісті. Бұл уағыз мәжілісінде қатындар да болып, оларға лайық насихаттар да сөйленсін. Ғибадат муғамлат жолы ашық баян етіліп, келешек уақыттарда пайдалы істерден, заарарлы нәрселерден хабар беріп, ақылға һәм шаригатқа ұнаулы істерге қыздырып, Құранға қайлап, Расул Алланың санатынан тыс ескі ғұрыфларды қалдыруға үндеп ширға мақтаулы ғадеттерін қалдыrmай алып баруына дағуат айттысын!

3. Оқытқан балаларды сыныпқа бөліп, әр сыныптың өзіне лайықты кітаптарын алдырып, әр күн төрт сағат оқытылсын. Сағат араларында демалыс беріліп, жеті жастан кем бала оқытылмасын. Балалар оқытылған орын мүмкін халде таза болып, оқыған балалардан басқа іс істеуші болмасын. Сабак ерте сағат тоғызда басталып, он екіде ас ішуге таралсын. Түстен кейін бір сабак оқылып, мұғалім әфәнді әр баланың дәрежесіне карай сртен даярлап алып келу үшін, балаларға жазу я басқа оқыған сабактарын әзірлеуге міндетті қылсын. Тырысып, ұмтылып жақсы сабак оқымаған балаларға бірінші дәрежеде сөзбен айттып, болмаса мінәсіп жаза қояр. Ләкин шыбық жұмсау болмасын. Бұдан басқа мектеп тәрбиесін оқыту жөнін мұғалім әфәнді өзі ентизамлы медреселерден көргенінше жүргізер. (Бала оқытқан бағзы мұғалімдер өздері кыс медресеге кетіп оқиды. Олар үшін ақша да керексіз емес, ол турасында өз араларында бір белгілі уағдалары болар, яки, оқыған баласына әр айға бір сомнан десе, екі жағына жәйлі болар еді).

4. Мұғалім әфәнді уағыздарын бір бабтан ғана сөйлеп қоймасын, әрбір айтқан сөзінің пайдасын халыққа ашық

аңлатсын. Садақа, мұлік хақысы, құрбан терісі, иманыңыз деген. Садақа берсеңіз, ақиреде фәлен сарай, фәлен хор кызы беріледі деп, жалғыз өз қамымен ақиред пайдасын айтып қана қоймасын. Бәлки садақаны кімге берсеңіз де дұрыс һәр екі дүниеде пайдасын көрулерің үшін малдарыңыздың зекетін, әнғам ихсандарыңызды бір кісіге ғана хасламай көп пайдасына, Алла жолына жұмсаңыз деп мешіт-медресе салуға, миллетіміздің ілгері басуына бірінші себеп болған мектептер тәрбиесіне күш-қемек берудің артықтының ациатып, Алла қасында мұндай орынға жұмсаған малға олім жоқ үзілмес сауап бар, – деп түсіндірмек керек. Халқымыз бұл күнге шейін бұл істің пайдасын біліп зекет малдарын, фидия малдарын ортаға жиып сондай белгілі бір пайдалы орынға жұмсаудың артықтығын сезген жоқ. Сондай құдайы малдарды оған-бұған орынсыз жерлерге жібермей бір орынға жиып, миллет пайдасына дін жолына жұмсалса екен. Ел ішінде нациарлан, жетім-жесір, фахир, мискіндер болса, сол малдан шығарылар еді. Ел ішінде оқытқан балаларға кітап Құран, қалам-кағаз сықылды аспаптарын алдыруға, халықтың оқып пайдалануына лайықты рисале уа кітаптар һәмде (әр кезде) дүние халынан өзінің тұрмыс жайыпап хабардар болып тұруы үшін газеттер алдырып, сондай ортадан жиналған малдан сл ішінде бір кітапхана ашуға да керек еді. Айтылмыш кітапханалар ел ішінде болмағалы себепті, шаһарға жырақ жерлеріне балаларға оқытуға лайықты кітаптар жоқтығынан оқыған балалардың жауһар ғұмырлары зая болып, аталарының үміті босқа кеткені сықылды әртүрлі кітап рисале уа газеттер оқып, ақыл, фікір арттырып, ақуал заманның келешек халынан

хабарланудан миллетіміз марқұм болып келгендігі әркімге мағлұм болса керек.

5. Қуат қалима иесі болған, қаламы жүйрік мұғалімдеріміз уақыт өткермей ел ішінде қазақ балалары оқуға лайықты әртүрлі кітаптарды нағыз қазақ тіліне айналдырып тәржіме етіп бастыруға иждиһат стмек керек. Әр халықта жас балалар үшін өз тілінде басылған кітаптары бар. Біздін қазақ балалары татарша жазылған кітаптарға да түсінбейді. Көрінген кітапты оқып ғұмыр оздыру мақсұт емес. Балалар оқыған сөзін өз сөзімен жатқа сөйлесе пайда береді.

6. Орысша оқушыларға қай жасынан бастап оқу пайдалы, мұғалім әфәнді айтып түсіндіру керек. Балалар жеті жастан он бірге дейін ибтидағи мектепте болып, ибтидағи дәрежеде жас балалар өз тілімен бірнеше жыл оқып зейінін арттырып, ақылын жинағаннан соңында басқа тілдерді оқып үйренсе, артық болар еді. Ел ішінде ақылы өсіп, көңілі нұрланбаған иман ыхтихатын біліп хат танымған жеті-сегіз жасар жас балаларды толықсыған табиғатты әурелікке салушылар да көп, сақалын бояушылар да бар.

### **1.9. Орысша оқып тіл үйрену шариғатымыздың дұрыс па? Файда-заары қанша?**

Әр халықтың тілін үйрену хақында шариғатымыздың қырын көзімен қарамайды. Расул Алла әфәндіміз өзі де Заид бин Сәбит деген сахабаға иаһуди тілін үйренуге әмір қылған. Сахабалар арасында әр халықтың тілін білушілер бар еді, қайда барса сол халықтың тілімен сөйлесе білуші еділер. Хадис шәріпте: (мин ғалима

лиссана қаум амина мин мүккарирахим) деген сөзі әр қауымның тілін үйренуге үндейді. Енді бінге де орысша жазып сөйлей білуге керек. Аралас тұрған халықтың тілін білмеуде қөп зарап бар, тіл білу ирқасының көп орнында өзімізді уа миллетімізді кемшіліктен, тұрлі халакліктен сақтауға болады. Құран Қарімде: «Ониңді қорлыққа салмаңыз, өзінізді, халқыныңды отқи салудан сақтаныңыз», – дейді. (Латақуа Биннідаким али алтаһалакун, күл анфаским, уа аһлаким шарж). Хәм ақыл иесі хакимдер айтқан: «Бір нағашаның қол астында болған халыққа үш нәрсені білу лағім: хүкіметтің жазуын танып, тілін үйреніп сөйлеу һәм тәлбірмөлік үшін қойылған канун низамларын білмек».

Енді жоғарыда айтылған сөздің астарынан аңгарылса керек бүкіл үйренудің не үшін керек екендігі. Өз арамызда сөйлеуге өз тіліміз жетпей, басқа тілді керек қылғандығымыздан емес, қазақ тілін анық біліп жете алсақ, бір-бірімізben сөйлесуге, ойланған ойнымызды неше тұрлі қырмен айтуға тіліміздің қысқылығынан емес. Сонын үшін орынсыз жерде басқа тілді араластырып сөйлеудің пайдасы жок. Ел ішінде орыс қаласы мен аралас елдердің сөзінс қарасып, екі сөзінің бірі орысша. «Жол болсын, қайда барасың?», десен, «Нуждам үшін қалаға барамын», – дейді. «Кепе қалада көрінбедіңіз?!», – десен, «Ауылда обицествоның бір сходы болып, қалаға келе алмағап едім», дейді. «Сауыскан тоты боламын деп, жүрісінен айрылды» деген сықылды ондай адамдар еліктей есі кеткені болмаса, ауылға бір төре келсе, переводчик болуға жарау түгілі, бір-екі ауыз литературный сөз сөйлесе, чувствовать етпейді.

Оқымаған адамдардың өз арасында орыс тілін араластырып сөйлеуі зиянды дедік, оның үшін бұл ғадет өз тілімізді ұмытуға себеп болады. Ата-бабадан келген тілді ұмытудың заарын сөйлеуге қажет жоқ. Қысқасы: өнерлі болсын, өрнекті болсын, сегіз қырлы, бір сырлы болсын, «ат айналып қазығын табар» дегендейін, тұтқасы мықты болсын.

### 1.10. Әдебиет қазакия, яки, қазақтардың тіл мәнері

Басқа тіл араласып, көп өзгерілмеген асыл түрік тілі, бір сөзден неше сөз таратуға келетін әр нәрсеге есім қойылған кеңірек лұғатты қазақ тілі деп айтуға жарайды. Әһмде сөзуарлық, астарлы, қинаялы сөздер біздің казақта екінің бірі, егіздің сынарынан табылды. Көз алдында қарасын үзетін шаһbazлары болғаны сықылды, кетпен тұяқ кеменгерлері де болады. (Табиғи) сүйегіне біткен, самсаған сары қолда қағылмай, сөз асылын тербел, тілінің майын ағызатын өлеңшілері де болады. Айтылмыш сөзге ұсталық әр халықта мақтаулы болғаны сықылды, өлеңшілік те құрметсіз, қадырысыз емес еді. Ғараптардың Лабидиі, орыстардың Пушкині қияметке шейін халық тілінде сөйлеп, тарихқа жазылды.

Пайғамбарымыз да (ан ммин ал шағир хакимун уа ан мин аләбиан ласхара) деп сөз сөйлей білу мен өлең хақында керексіз, пайдасы жоқ демей, бәлки ілтифат көзімен қараған, ғибратты орында құлақ салып, өзі де тыңдал отыратын болған.

Әлхасыл бұл екі өнер басқа халықта болғаны сықылды қазақтарда да бар. Ләкин сол асылдың қадырын танып, орынымен ұстай алмай, ғылым,

мағарып майымен майланбаған себепті, ішегері аттай алмай, сүрініп келе жатқандай корінеді. Болса да болатты борға суарып, шешендеріміз сойлер орнын біле алмай, қырымға көзін сала алмай, жырымға айналып, өлеңшілеріміз де «бүркіт қартайса, тышканыыл болады» деген сықылды ән салып, аузын анып, қайда жәрменәк болса, сонда ойын-күлкі мәжілісіндегі жүріп, өз берекесін өзі алады.

Енді миллэт бақшасын ғылым, мығарышпен тияттап, ғаділетліктің сарабында шешендерімізді сойлестіріп, өлеңшілерімізді озыстырсақ, мәжілісіміз гүлді, созіміз бұлды болар еді.

Жалғыз-ақ сол шешендік байлаусыз, дамсіз, копке пайдасыз құрғак ағымнан болмағаны сықылды, мақтаулы өлеңшілік те біреуді мақтап-қақтаумен, біреуді сақтап-жақтаумен болмайды. Болки, шешенің тілі, шебердің қолы ортақ болсын. Өлеңнің іші алтын, сырты күміс болып үлгі, өрнегіменен сұлу болсын.....

Мұнан қейін ортаға алып сойлесуге, үлгі-орнек ұрығын өрбітіп өсіруге біраз өлең жазып, кәрілердің қайғысын, жастардың дертін қозғап, бұ қысқа ғана рисалде әр жайдан бір ауыз сөз сөйлесіп, сол із бойынша таратып тармақтандыруына үмітлі жаңдарымызға тапсырып, сөйленбеген сөздерді инициалла келешек бір уақытында өсиет сөзлерді соңына тіркей бермекші боламын.

Алла Тағала қалам иесіне жәрдем бергей еді!

## **1.11. Өлең. Жақұт қазақ әдебиеті**

Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы,  
Қыннан қыстырыған ер данасы.  
Тілге жұмсақ, көңілге жылы тиіп,  
Теп-тегіс жұмыс келсін айналасы.

Бетен сөзбен былғанса, сөз арасы,  
Ол – ақынның білімсіз бишарасы.  
Айтушы мен тыңдаушы көбі надан,  
Бұл жүргіттың сөз танымас бір парасы.

Әуелі, аят-хадис – сөздің басы,  
Мінәжат уәлилердің зарланасы.  
Бір сөзін бір сөзіне қыстырыар  
Әрбірі келгенінше өз шамасы.

Өлеңге әркімнің бар тайталасы,  
Сонда да олардың бар таңдамасы.  
Іші – алтын, сырты – күміс сөз жақсысын,  
Келістірер қазақтың қай баласы?!  
Көз жұмып дүниеден өткенінше,  
Адамның таусылмайды қамтамасы.

## **1.12. Тобықты Ыбырай марқұмның сөздерінен**

### **I**

Қартайсан, қайғы ойлайсын, үйқың сергек,  
Ашуың – ащыдай у, ойың – кермек.  
Мұндасарға кісі жоқ сөзді ұғарға,  
Кім көңілді қөтеріп, болады ермек?!

Басқан із, көрген қызық артта қалмак,  
Бір Құдайдан басқаның бәрі өзгермек.  
Ер іci – ақылға ерер, бойды жеңбек,  
Өнерсіздің қылышы – өле кормек.

Шыға ойламай, шығандап қылыш қылмай,  
Еріншек ездігімен көпке көнбек.

Надандар қыла алмай жүр халал сибек,  
Ұрлық, қулық қылам деп қағар колбек.  
Харамдықтың асқаны бір құн тосар,  
Мың құн сынбас, бір құні сынар шолмек.

Сырттан сықақ туысқан өршеленбек,  
Сыбырменен топ жасап бөлек-болек.  
Өз ғайыбын аңдамай сөзін жөн ден,  
Еліріп шайтан жағына болар кірмек.

Біреуге малы бар деп бектік бермек,  
Үш жыл өтсе тағы да сайлау келмек.  
Өнерлі би, үлгілі хандар қайда,  
Тағы да тартып біреуге алып бермек?!

Қолдан келе бере ме жұрт мейігермек,  
Харам мен халал арасын кім тенгермек?!  
Мақтан үшін мал шашып болыс болын,  
Өзіне иттей қорлық сөз келтірмек.

## II

Бай алады кезінде көп берем ден,  
Жетпей тұрған жерінде тек берем ден.

Би мен болыс алады бектік сатып,  
Мен дұшпаннан кегінді ап берем деп.

Дос алады бермесен бұлт берем деп,  
Жауыңа қосылуға сырт берем деп.  
Бір кетсем, енді қайтып қайрылмаспын,  
Мен саған сірә нағып ырық берем деп.  
Тағы бір сайлау болса ет берем деп,  
Кезінде сен мендік бол деп берем деп.  
Мың тенге алып уағда қылып қетсе,  
Қайта айналып ойламас бет көрем деп.  
Жалаңқая жат мінезді қу алады,  
Бермесен бір жерінді бөксерем деп.  
Ел жүр ғой бұл қылықты еп көрем деп,  
Тоқтау айтқан кісіні шет көрем деп.  
Бай шашылар орынсызға бектенем деп,  
Ысырап малдан ойламас сескенем деп.  
Хайыр, зекет, садака, хаж, сахауат,  
Шаригат турасымен тексерем деп.  
Жақсы орынға бір фара жан шыкқандай,  
Санатсызға бай құмар көп берем деп.  
Бір қараға екі жұз аларман бар,  
Ми қатар бас аяғын тексерем деп.

### III

Ал, енді жақсы дейміз кімді қалап?!  
Ар-намыс, ақыл-білім, сабыр, талап.  
Асан қайғы сықылды адам болса,  
Бір сөзін тыңдар едік мыңға балап.  
Ақыл-ұят, ар-намыс, сабыр-талап,  
Бұларды керек қылмас ешкім қалап.

Ғадалат, туралықты іздемейді,  
Өтірік пен өсекті жүндей сабан.  
Жұртты алдап, қарағайды талға жашын,  
Әркім жүр алар жердің ебін қарман.  
Қақса-соқса бір пайда түсс ме дең?  
Елдің байын еліртіп жау мұндалан.  
Мансап-атақ ақылды бекке бірдей,  
Жұрт кісісі болады көпке бірдей.  
Тура сезін айттар жайқарсымай,  
Халалдықты айбаттар ерікке жүрмей.

### 1.13. Сәдуақас Шормановтың бір сезі

#### I

Халыққа бір уақытта бас атандық,  
Жаяуға ат, қарны ашқа ас атандық.  
Қажымас қайраттылар өткеннен соң,  
Басшысыз байлауы жоқ жас атандық.  
Қазақша «Қаржас» деген ата атандық,  
Рахымсыз, сүйк бауыр, жат атандық.  
Алтын сандық ұшырып деген сөздей,  
Шұлғаулық екі қарыс мата атандық.  
Ұйымшыл, ынтымақшыл ел атандық,  
Шапса, үстіне шыға алмас белі атандық.  
Жұлде алған бәйге боздар жоғалған соң,  
Мың салса, бір баспайтын қер атандық.  
Бір кезде Орта жүзге ту атандық,  
Таусылмас басы бұлақ су атандық.  
Ақкөңіл, ғазез заттар өткеннен соң,  
Жақсы-жаман, үлкен-кіші қу атандық.  
Бір заманда теп-тегіс жақсы атандық,

Ойын-қулкі мәжілістің нақышы атандық.  
Бет-бетімен жол тауып осы күнде,  
Далада хайуан малдай уахшы атандық.  
Законшік осы күнде заң атандық,  
Тәкәппар мойын бұрмас паң атандық.  
Шошынып көрген жанның зәресі ұшып,  
Бұзықшы, жүрген жері лаң атандық.

## II

Кеккүттан ұя салған қаз орнына,  
Төбетті құрмет еттік тазы орнына.  
Хасастық, ғадаутпен көтерілді,  
Бұрынғы ойын-қулкі наз орнына.  
Жаманды қадірледік жақсы орнына,  
Тіленшілік көбейді бақсы орнына.  
Бір ауыз өсек сөзді алтып келсе,  
Алады жүз теңгелік ақша орнына.  
Қоянды тымақ қылдық тұлкі орнына,  
Ашу-араз бұрынғы құлкі орнына.  
Екі досты айырып шағыстырса,  
Тұрады дүниелік мұлік орнына.  
Есекті көлік қылдық ат орнына,

Ағайын алаш болды жат орнына,  
Өсекшілер көбейді бұл уақытта,  
Телеграмм, пошталион хат орнына,  
Атылас асыл, қымбат торғыныңды,  
Өлшайді арзан баға мата орнына,  
Гауһәрінді хадір білмеске көр қылғанша.  
Білетін зергер тауып, сат орнына.  
Мандайға ауыз бітті көз орнына,

Ширекті өлшеу қылдық кез орнына.  
Сөз шыкты қыңырайған шәлкем-шалыс,  
Қисықты түзейтүұғын тез орнына.  
Қасқырды қойшы қылып қой бактырылдык,  
Келмейді түгел айтпай сөз орнына.  
Төбешік пана болды бел орнына,  
Құйын-дауыл таңсық болды жел орнына.  
Қызғалдақтың орнына тікен шығып,  
Кет деген сезің болды кел орнына.  
Қатқан қара суығы жоғары өрлең,  
Жазғы баһар жәйілді сел орнына.  
Я, Рабби, бір өзіңнен жәрдем болып,  
Бұрынғы бәрін түгел қыл орнына.

### III

Сіз білесіз, білеміз біз демейік,  
Біреудің саф алтынын жez демейік.  
Құданың бергеніне қанағат қып,  
Сау басқа сақинаны іздемелік.  
Желіктіріп жел берсе сөз демелік,  
Біреудің жамандығын көзdemелік.  
Өлшеуте естің бәрін сала бермей,  
Мөлшерлеп қадақтамай көзdemелік.  
Арсыздықты өнер біліп мақтамалық,  
Жаманды жақсы ғой деп актамалық.  
Тәубаға қайтатүғын уақыт жетті,  
Бой тартып бұзықтықтан сақтаналық.  
Қой енді харамлықты жоқтамалық,  
Бас қосып түзулікке аттаналық.  
Мәз болмай харамдықпен жолдастыққа,  
Әбес болса туралықпен шаттаналық.

Тұзетіп өз бойымыз ақтаналық,  
Көңілге кінә пікір сактамалық.  
Бүйте берсек бір іске ілігерміз,  
Бір қадам теріс қарай аттамалық.  
Басшы боп бұзықлыққа бастамалық,  
Басқа трафик жастығын жастаналық.

Сиырдың шұбырыныдысы адастыrap,  
Соқпағын ата-баба тастамалық.  
Құдадан қорқып біз де сескенейік,  
Ғафлетпен жүре бермей іске енейік.  
Қойдай қоңыр, қояндай қорқақ болып,  
Қасқырдай көрінгенді тістемейік.  
Біреу сөзге келмей керіспейік,  
Бұзықтың мінін алып тегістейік.  
Ағаның айтқан сөзін іні алмай,  
Тайындаі сіздің елдің тебіспейік.  
Күпініп үйде отырып жұлынбалық,  
Біреуін сүйтіп жүріп сылынбалық.

\*\*\*

Құданың өзі берсе не қайла бар,  
Отына біз адамның жылынбалық.  
Бұрылып ашуланып буынбалық,  
Тілімен өсекшінің сүрінбелік.  
Ентігіп бос аландалап есірмелік,  
Ту болып ширатылып есілмейік.  
Қалың боп қудерінің терісіндей  
Теп тиген соң жыртылып тесілмейік.

## **1.14. Замандастарыма бір-екі сөз**

Әсермен сөз жаздым шешеніміз,  
Бастайтын түзу жолға көсеміміз.  
Күннің көзі көпке түскен бізге түсіней,  
Болды екен әлдекандай кеселіміз.  
Мақсұтына кім жеткен ізденбей ойындағы,  
Бірлі-жарым мен де сөйледім ойымдағы.  
Құр қалсаң қарап тұрып сыбағаңнан,  
Азабың арылмайды бойындағы.  
Галамға ғибратпенен сал көзінді,  
Хикметтен қалыс деме бұл сөзімді.  
Осындағы мағруфтың заманында,  
Қозғалтып оятайын мен де өзімді.  
Ұмытылмай детпес қолың тереңінс,  
Тізе бер ойға алғаның қаламыңа.  
Намуна әр нәрседен көшіргіш ал,  
Назар қыл замананың адамына.  
Бұл күнде өнерсіздің күні қараң,  
Қарманып ұмтылып қал өрге таман.  
Faғылыңның қартайып жасы жетті,  
Алышып-жұлысып өткен бұл бір заман.  
Артарапқа мойның бұрып сал көзіңді,  
Көрерсің құба жонда сонда өзіңді.  
Пікірлеп замандастым оқысын дес,  
Осылайша тамам еттім бұл сөзімді.

1909 сана 10 март

Зейнелғабиден әл-Жауһари әл-Омскауи



Зейнелғабиден әл-Жауһари әл-Омскауидың тасы

## **II. «Насихат Қазақия» еңбегі және оның бүгінгі зерттелу жағдайы**

### **2.1. Кітаптің жазу стиліне түсініктеме.**

**Жағыпар Мусин, филология  
ғылымдарының кандидаты**

«Насихат Қазақия» атты кітабы ескі китаби стилемен жазылған. Алайда қазіргі оқырманға түсіну қындыққа соқпайды. Сондықтан автордың сөз қолданысын езгертпей сол қалпында жариялаған дұрыс деп ойлаймын. Дегенмен кейбір сөздердің контекстік мағынасын берген жөн болар:

Миллет – ұлт, халық.

Мығарып – ғылым, ілім, өнер-білім.

Нығмет – ырыс, игілік, сыйлық, рахат.

Хамит – игілік, жақсылық.

Уахи бір нұсқаудың Аллаһ тараپынан Пайғамбарымыздың зердесіне құйылды. Алланың нұсқауы.

Фали-жоғары: Тағала – жоғары дәрежелі.

Ассалату – Пайғамбарға салауат айту.

Расул – Алланың елшісі Пайғамбар.

Фәһамлету – түсіндіру, ұғындыру, ойландыру.

Сағадат – ізгілік, бақыт.

Кәрім – сөз (Алланың сөзі).

Қарындас – туыс, бауыр.

Фамал – іс, өрекет.  
Мархаматты – қайрымды.  
Хилап – қайшы, қарсы.  
Иждиат – ыждаһат, ынта-жігер, ниеттену, талаптану,  
ынталану, ұмтылу.  
Мағруп – бүйрық, нұсқау.  
Фетна – жауыз, арамы, жауыздық.  
Быйбрнай – выборный – сайланған әкім.  
Қарыса – қартайса.  
Әһм-әм, және, тағы.  
Уазифа – міндеп, мақсат.  
Фибадат – құлышылық (Аллаға).  
Хастау – меншіктеу, иелену.  
Зиым – зейін, ынта.  
Қинаялыш сөз – тұспалды сөз (мензеу).  
Әлхасыл – асыл, ардақты, қымбатты.  
Ғадат - әдет, дағды.  
Faқыл – ақыл.  
Тағлим – тәлім, үлгі, өнеге.  
Пөһмлет – ойлау, ақылға салып.

## **2.2. Кітаптың мазмұны жөнінде қысқаша түсінік (1959 жыл 11 октябрь)**

Сабыр Мәліков, ҚазССР-  
іне енбек сінірген мұғалім

«Насихат Қазакия» деген кітапты 1909 жылы жазған – ұлы ғалым ағамыз Зейнелғабиден. Араб алфавитімен жазылған. Кітаптың бетінде автор өз аты мен фамилиясын, руын араб тілімен үйқастырып қол қойған. Зейнелғабиден бинел қажы Әмире Әлжаяуар деген, қазақшалағанда Зейнелғабиден қажы Әміреұлы Жауар руынан деген сөз. Қазіргі біздің орталығымыздың тілегіне қайшы келетін идеялармен, діншілдік бұлак көзінен алынған.

Бірақ Гегель мен Фейербахтың диалектика-материалистік көзқарасының теріс идеяларын алып тастан, пайдалы дәнін Карл Маркс жарыққа шығарған, диалектика-материалистік көзқарастан Ленин творчестволығын дамытып, идеологиялық-философиялық білім қазынасынан зор орын алып отыр. «Насихат Қазақиядағы» халыққа жарияланған үгіт-насихаты диалектика-материалистік білімге теңестіруге болмайды. Сөйтсе де қазіргі ғалымдарға алып пайдаланатын білім қазынасына аз да болса үлес бере алатын кітап деп ойлаймын, әрине, діншілдік көзқарасын алып тастан, материалистік көзқарастарын ғалымдар, филологтар талдай алады, талдауға тұрады гой деп ойлаймын. Бұл анықтама жасаған пікірім кате болса, қайтып алатындығымды білдіремін.

Зейнелғабиден-бинел қажы Әміреұлы ғалым молла болған. Кейбір дүмше молла сияқты тек құдай-құдай деп қана отырмай, ел арасында 1909 жылы Ғалия медресесін бітіргеннен кейін халыққа революциядан соң да ағарту жолымен қызмет еткен. Сирышыда 1915-1917 жж. Саға 1910-1912 жж. Шайхолла, Хабиболла, Мұхтарлар оқыған діни жолмен медресе ашып, онымен қатар өзінің туған елінде бірыңғай орыс тілінде мектеп ұйымдастырып, балаларды оқытқан<sup>11</sup> Мысалы, мен өзім Мұсабаев Ғабиден екеуміз және басқа балалар 1916-1917 оқу жылында Смағұл Сәдуақасов деген/ учительден/мұғалімнен 1-класта оқыдық. 1917-1919 оқу жылдары орыс тілінде оқып, мектепті бітірдік. Бізге Совет үкіметі келгеннен кейін совет мектептерінен орта, жоғары мектептерді бітіруімізге білім негізі болып сүйреді. Жалғыз Ғабиден Мұсабаев екеуіміз емес, бірнеше ондаған балалардың білім алудына себепші боды.

Үбырай Алтынсарин болмаса да өз әлінше педагог болған, ағарту жылында жаңалық жолдар қөрсетіп насиҳаттаған. Мысалы, кітабында айтады: надан молдалар таң атқаннан күн батқанша балаларды қамап қойып оқыта бермей, күніне төрт сағат оқытып, әр сағат сайын перемен жасауды ұсынған.

Класка бөлуді сыныпқа бөлу деп қөрсеткен де көксеген. Кітабында екі ауылдың арасы қара жырытынды болып, егін салу керек, бұрынға қарағанда қазақ халқы да егін сала бастағандығын, коғам даму заңына қазақ елі де ілесе бастағанын, ояна бастағанын көрсете келіп, цифрлармен бекітіп, қазақ халқы да оқу оқып,

еңбек етуі аз, қелешекте көбею керек деп насихаттап үгіттеген.

Ескішіл діншіл өте содыр ірі молдалар Зейнелғабиденді «усулжадитшіл» (жана әдістемешіл) деп сөккен, ескі дін жолын бұрмалайды деп сынаған. Зейнелғабиден дін окуын, араб жазуымен оқытудың төте жолын көксеген. Мысалы, ескі дін жолымен оқытқанда бала бас сайын ілгері-сонды үлгеруіне жеке-жеке бала бас сайын оқытқанда «Әптиек» әліпбиден ежелеп оқытқанда бір бала үшін жылда әрең хат танитын болса, «усулы жадит» жолындағы оқыған ескіше ереже мен әріптерді дыбыстап оқытып, 4-5 айда хат танытқан. Өзіміз 1915 жылы Әлелі молладан «букварь» орнына оқытушы, әуелі грамматика орнына «муғалім сани» деген екі кітапты оқып, хат таныдық. Келесі жылы, 1916 жылдан орысша оқыдық.

Зейнелғабиден өз үйінде женіл-желлі ауруларды емдеу үшін аптекадан дәрілерді жинап, шкафта сақтап, өз ауылышындағы ауырған адамды емдеп жүрді. Емдегендеге медициналық жолмен емдеді. Сол уақытта шығатын қазақ тілінде, орыс тілінде шыққан газет-журналдарға өзі жазылып алдырып, үлкендерге жаңалықты түсіндіріп отырды.

Зейнелғабиден 1920 жылы қараша айында 37 жасында қайтыс болды. Зейнелғабиденнің қысқаша өмірбаяны мен идеясы осылай болған.

**Ескерту:** Бұл кітапты 1958 жылы Омбы облысы, Марияновка ауданы, Үлкен Қарабас деген ауылда тұрушы Байболат деген адамның үйінен кездестіріп, сұрап алдым.

## **2.3. Зейнелғабиден әл-Жаунаридің «Насихат Қазақия» еңбегі және оның бүгінгі зерттелу жағдайы**

**Асылбек Байтанұлы,  
гуманитарлық ғылымдар магистрі**

Еуразияның дәл ортасындағы кең далада ежелден мекендерген қазақ халқы ғасырлар бойы осынау Ұлы Даламен біте қайнасып үндескен өзіндік өмір сұру қалпын, бірегей салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпыштың қалыптастырып, дамытып, ұрпақтан ұрпаққа аманаттап қелгендігі белгілі. Шығыс пен Батыстың арасындағы алтын қөпір іспетті, өзі мекендерген ұлан ғайыр өлкеде үлт тұтастығын сақтай отырып, экономикалық, рухани тұрғыда бірегейлікті қамтамасыз ету мәселесі әркез өзекті болса керек, әрі осы үдеден қазақ халқы лайықты шығып та отырған.

Қазақ қоғамы қай кезеңде де томаға-тұйықтыққа ұрынбағандығын, әлемдік ұлы өзгерістерден шет қалмай, оған өзіндік үн қосып отырғандығына бағзыдан тамыр тартқан тарих күэ. «Қазақ тарихында қазақ ұялатын ештеңе жоқ» деп Елбасы Н. Ә. Назарбаев айтқанындей, расында да қазақ тарихында әлем халқы алдында қазақ ұялатындей ешбір ыңғайсыз ештеңе жоғы да рас. Басты мұрагерлерінің бірі қазақ халқы болып табылатын түркі жазуын, әлемнің екінші ұстазы әл-Фарабиді, ұлы қолбасшы Бейбарысты, ғұлама Қожа Ахмет Яссавиді, адамзат ақыл-ойының биігі Абайды тудырған халықтың расында да жүзі жарқын. Бүгіндері бауырлас халықтарға біржола телініп қеткені болмаса,

Захраддин Бабыр, Ұлықбек, Әлішер Науай, Махмұд Қашғарилер де демек Ұлы Даға жат тұлғалар емес. Демек Даға халқы ежелден-ақ білім-ғылымға құмар болып қана қоймай, оған өзіндік үлесін де қосып отырған. Қазіргі кейбір еуроцентристік зерттеушілердің жазып жүргеніндей, Даға халқы бірыңғай көшпелі болмағандығын, олардың да әлемдік өркениетке қосқан үлесі зор екендігін алдымен өз ұлтымыздың бүгінгі ұрпағына дәлелдеп, түсіндіру, осы арқылы өз халқының өткені мен бүгінгісіне деген құрметті орнықтырып, нығайту миссиясы алдымызда тұр. Бұлай деуіміздің себебі, «біздің тарих бұл да бір қалың тарих, окулығы жүп-жұқа бірақ тағы!», – деп философ ақын Қадыр Мырза-Әлі айтқанында, ХVІІІ ғасырда қалыптасқан күрделі геосаяси жағдайларға байланысты Қазақ хандығы ыдырап, өмір сүруін тоқтатуына байланысты, алып империялардың бодандығына түскен қазақ халқы кейінгі үш ғасырда бір кездері терезесі тең көнтеген халықтардан экономикалық, ұлттық сана бостандығы, білім-ғылымға қол жеткізу тұрғысында біршама артта қалғандығы белгілі. «Бодан ұлттың тарихын үстем ұлт жазып береді» қағидаты бойынша, өткенінен ажыраған қазақ халқының рухани ерік-жігері, жасампаздық рухы мансұқталуының салдары – туған халқының тілінен, ділінен, тарихынан бейхабар миллиондаған шоғырдың пайда болуы.

Ұлттық құндылықтардың узына жарымай, өзге ұлттың ділін санасына сіңіріп өскен бірнеше буын ұрпақтың таным-түсінігін ортамызға оралту – қазіргі құні шеттегі қазақты көшіріп әкеліп оралтудан да қын мәселе болып отыр. Мұндай көзқаман буынның

санасына «Қазан төңкерісіне дейін қазақ халқының небары 2-ақ пайызы сауатты болған», «қазақ халқы ешқашан қала тұрғызып, отырықшылықпен шұғылданған емес» деген сияқты нықтап сінірлген түсініктердің сенін бұзу оңай емес. Ол үшін расында да осыған көз жеткізу, жеткіздірту үшін «біздің тым арғыдан болмаса да беріректегіге көз сүріндіртіп, тиянақтатарлықтай, өнеге ретінде таныстырып, еңбектерін қолға ұстасып, ұсынарлықтай қандай дәлелдәйектеріміз бар?» деген сұрақтың туындаитыны сөзсіз. Бодандық дәуірдің Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңінде де жоғарыда атап өткен әйгілі тұлғалардың ізгі жолын жалғаған ұлт зиялышары шоғыры болғандығы, олардың ұлт руханиятындағы қажырлы еңбегі халқымыздың рухани өмірінде сан ғасырлық дәстүрі қалыптасқан ислам мәдениетінің енді күш алған Еуропалық мәдениетпен ұштастыруға арналғандығы белгілі. Еуропалық білім алмағанымен, ұлт зиялышарының қатарына міндепті түрде кіретін бұл шоғырға біз Бұқара мен Самарқандан, Қазан мен Уфадан, Тройцкі мен өзге да қалалардан медресе бітіріп, қазақ арасына білім шуағын шашуға үлес қосқан тұлғаларды жатқызамыз. Олар ислам мәдениетінің сол кездегі ірі білім ошақтарындағы оқуын тәмамдап келген соң өз елінде медресе, мектептер ашып, ондағы оқу үрдісін замана талабына сай құруға талаптанды. Медреселік білім алған бұл зиялышардың көбі өз дәуіріндегі әдебиет әлеміне бет бұрып, өркендеуіне атсалысты. Олардың бірсыптырасы XIX ғасырдың соны мен XX ғасырдың басындағы қазақ әдебиетінде жеке мектеп ретінде

карастырылатын кітаби ақындар шоғырын қалыптастырды.

Түркі әлеміне ислам діні нықтап орныққаннан бастап, барша түркі халықтары, оның ішінде қазақтар да исламдық білім беру жүйесінің құрамдас бөлігіне айналғаны белгілі. Бұл үрдіс қазақ даласын Ресей патшалығы аумақтық, одан соң рухани отарлауға көшкенге дейін еш қедергісіз жүріліп жатты.

Ұлт зиялышарының осы бір айтулы шоғырына жататын тұлғалардың бірі – Зейнелғабиден Әміреұлы әл-Жауһари әл-Омсқауи. Зейнелғабиден Әміреұлы – арабша нысpsyынан анғарылып тұрғандай, қазақтың байырғы мекені Омбы өңірін мекендерген Арғын руының сегіз ата Қарауылдың біріне жататын Жауар табынан шыққан. Арғы аталарынан өз әкесі Әміре қажыға дейін қазанынан қаспағы, қалтасынан мөрі қетпеген, заманында ен дәulet пен атақ-білікке қатар қол жекізген беделді әulet болыпты. Бұл турасында кейінрек ретіне қарай тоқталатын боламыз. Зейнелғабиден Әміреұлы Уфадағы әйгілі «Галия» медресесін оқып тәмамдаған соң туған еліне келіп жаңашылдықтың жаршысы болады. Усул-жәдит үлгісінде мектеп ашып, онда діни мазмұндағы сабактармен қатар, заманауи пәндердің де негізін оқытуы расында да жаңашылдық болғаны анық.

Азғана жылдың ішінде айнала-төңірекке әйгілі болып, беделді білім ошағына айналған Зейнелғабиден мектебі небәрі төрт жыл өмір сүрді. Осы төрт жылдың ішінде Зейнелғабиден Әміреұлының алдынан оқыған шәкірттері арасынан қазақтың ардагер ұлы, алғашқы драматург, қоғам қайраткері Смағұл Сәдуақасов, қазак

тіл білімі ғылымын дамытуға аса зор үлес қосқан ғалым Файнетдин Мұсабаев, қоғам қайраткері Хабиболла Әмрин, халық мұғалімі Сабыр Мәліков қатарлы танымал адамдар туып шыққан екен.

Шығармашылық қабілетінің, ұстаздық дарынының нағыз кемелденетін шағы дерлік отыз жеті жасында мезгілсіз дүние салған Зейнелғабиден Әміреұлының өмірі мен шығармашылығы тарихи тұлға, ағартушы педагог ұстаз, қаламгер журналист, абайтанушы және діни қайраткер ретінде жан-жақты зерттеуді қажет етеді және осы тақырыпқа қалам тартқан ғалымдар мен әдебиеттанушылар, журналистердің қатары да біршама екендігін атап өткен жөн және біз төменде осы бағытта шолу жасайтын боламыз.

Зейнелғабиден Әміреұлының бізге жеткен маңызды еңбегі – «Насихат Қазақия» атты трактаттар кітапшасы көлемі шағын болғанымен, ондағы сол кезеңдегі қазақ, жалпы түркі, мұсылман жұртына ортақ мәселелер тұрғысындағы көтерген жүргі аса ауқымды, тағылымды еңбек болып табылады.

Коспан Тәшібаев әдейі Уфаға барып, Зейнелғабиден Әміреұлына байланысты әжептәуір документтер тапқан екен, бірақ ол кісі кенеттен қайтыс болып, өкінішке орай, жинаған мәліметтері жарық көрмей қалды. Зейнелғабиден Әміреұлының тағы екі мақаласы «Айқап» журналында шыққан екен: № 6 1911 жылда сол журналдың тағдыры туралы жазған, ал № 4 1912 жылда «Уақыт» газеті және «Шора» журналынан М. М. Рамиев еңбегінен деректер келтірілген.

1909 жылы Башқұртстанның астанасы Уфадағы «Шарх» баспасында жарық көрген кітапша өткен

ғасырдың алғашқы ширегінде оқырманға біршама танымал болғанға ұксайды. Зейнелғабиден Әміреұлы тағдырдың жазуымен, өз ажалымен өмірден ерте өтіп кетсе де, отызыншы жылдардың қанды қақпаны, қатал сүзгісі оның артында қалған еңбекін оқуға тұсау салуы себепті, кітапша біраз уақыт оқырман халықтың назарынан алашақтаған қалғандығы ақиқат.

Хрушевтік жылымықтан қейін бұл еңбекке ғылыми түрғыда баға беріп, түрки үлгідегі араб қарпінен аударма жасап, кейіннен екі рет басылым көруіне ықпал еткен – белгілі абайтанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, қажымас қайраткер тұлға Мекемтас Мырзахметұлы.

Дегенмен, Зейнелғабиден Жауһаридің аталған еңбегі туралы жарияланымдардың басым бөлігі Қазақ елі тәуелсіздікке қол жеткізген тұстан бастап қана көбірек жарық қөре бастағандығын аңғарамыз. Сол тұстағы Қекшетау облысының бас газеті «Қекшетаудың» 1994 жылғы 11 қантарында Қоспан Тәшібаев пен Қыдырхан Керейбаевтың «Сиyrшыдан шыққан білімпаз» атты мақаласы жарық қөреді. Мақалада Зейналғабиден Әміреұлының кім екені жөнінде анықтама бере келе, облыстың Ленинград ауданына (казіргі Ақжар ауданы құрамында) қарасты Жаңатілек ауылы зиратында жерленген Зейнелғабиден зиратына қамқорлық, күтім жасаушы, сол кезде 70-тен асқан соғыс ардагері Сағынбай Мәдиұлы ақсақал екенін атап өтеді. «Осы жазда «Ақан-Абай» автокеруенінің экипажы ол кісінің топырағына тәуіп етіп, ас берді» деген деректі келтіреді. Біздің қосарымыз, қазақтың қабырғалы азаматтарының

бірі, Көкшетау облыстық педагогикалық қызметкерлердің білімін жетілдіру институтының сол қездегі директоры Қоспан Тәшібаев өзінің тікелей бастамасымен Абайдың 150 жылдығы қарсаңында Ақан сері елінің Абай елімен рухани сабактастырын таныту мақсатында арнайы ұйымдастырылған «Ақан-Абай» автокеруені ұйымдастырылған еken. Эншілер мен ақындардан, ғалымдар мен ұстаздардан жасақталған автокеруен Көкшетау облысы жеріндегі тарихи тұлғалар жатқан қасиетті жерлерді аралай отырып, Ленинград ауданына да жетеді. Зейнелғабиден Әміреұлының елеулі еңбегін алпыс жылдан астам уақыт өткенде жергілікті түрғындар санасында қайта жаңғыртады.

«Абайды қазақтың ұлы ақыны деп бірінші айтқан зиялды адамның өз халқы алдында сіңірген еңбегін бүгіндері екінің бірі біле бермейтіні де рас. Бірақ білмедіндер деп ешкімді қіналуға болмас, сірә. Себебі, 70 жыл бойы Кеңес дәуірінде, оның басшылығындағы компартияның дінге, дін ғұламаларына деген көтартпа көзқарасы Әміре қажының өзін, үрім-бұтағын халық санасынан аулақ ұстады емес пе?»

Сонымен қатар, Әміре қажы үрпактарын осы өнірдегі ел күні бүгінге дейін «шекпенділер тұқымы» деп атайдынын атап өтеді. Мұның себебі – Зейнелғабиденің әкесі Әміре қажының өзі мекендейтін өнір үстінен тартылған Қызылжар-Омбы теміржолы құрылышына адам күшімен, ақшалай да көмек көрсеткені үшін медальмен, оқалы шекпенмен сыйлағандығын меңзегені еken. Қоспан Тәшібаев ақсақалдың Зейнелғабиден Әміреұлының есімін тарих

шаңынан аршып, қайта жаңғыртуда селеулі еңбек еткенін байқауға болады. Ақсақал «Абайтану» дәрістерін университетте оқып жүрген абайтанушы ғалым, академик Зәки Ахметовке Абайтану ғылымы Зейнелғабиденнен басталатынын айтып, қареріне алуды сұрағанда, ғалым: «бұл бір ойланарлық мәселе екен» деп ықылас танытқан екен. Жоғарыдағы мақалада екі автор ерекше көніл бөлінген жағдайлардың бірі – олар Зейнелғабиден Әміреұлының өз заманындағы озық педагогикалық идеялары мен оны жүзеге асырудагы әрекеттерін орынды дәлелдей отырып, «Насихат Қазақияда» айтылған: «Баланы 11 жастан кейін ғана орыс тілінде оқыту» мәселесін қолдауы. Расында да ғылыми жаңалықтар мен өнертабыстар тұрғысында әлемдегі жетекші халықтардың бірі жапондардың күні бүгінге дейін жас ұрпағына шеттілдерін үйретуді тек 12 жастан кейін ғана қолға алатындығын білеміз. Бұл туралы Зейнелғабиден Әміреұлы да кезінде білген болуы әбден мүмкін ғой. Ұлттық платформадағы ойсанасы әлі қалыптасып үлгермеген, ата-анасы, ата-әжелерінің өзі өзге тілге жуық қазақ баласына балабақшадан қазақ тіліне зорлап үйретуге мұндай тұлғалар екібастан қарсы болар еді-ау деген ой келеді.

Авторлар Зейнелғабиден Әміреұлының өзі туып-өсken өңірдің халқын заманауи оқып білім алу үрдісінен қалмауы тұрғысындағы жаңашылдық еңбегін былайша қорытады: «Қазақстанның басқа аймақтарына қарағанда Ресеймен көршілес солтүстік облыстарда ағарту, мектеп ісі прогрессті жолға ертерек түсті. Оны тездеткен Зейнелғабиден сияқты оқымысты-зиялыштар болды. Ол ұстаздық карекетіне европалық білім беру

жүйесін талғамсыз енгізе салмай, халықтың жүздеген жылдар бойы бала оқыту жүйесін сақтай отырып, жана мен халықта барды бірегей қарап, екшелген жақсыны батыл енгізді», – деп қорыта келе, авторлар педагог, жазушының соңына қалдырған жазба мұрасын араб әрпінен бүтінгі жазуға түсіріп, ел иғілігіне айналдыру ардақты жанның аруағы алдындағы парызымыз деп ерекше атап көрсетеді.

Қоспан Тәшібаевтың «Зейнелғабиден әл-Омскауи кім?» атты «Көкшетау» газетінде шыққан келесі мақаласында айтылатын деректер, мәтінінің көп бөлігі, жалпы мазмұны алдыңғы аталған екі авторлық мақаламен тұра сәйкес келетіндіктен, тоқталып жатпадык.

Зейнелғабиден Жауари шығармашылығы туралы ізденіс жасап, қалам тартқан адамдардың бірі – Абай Мұқаштегі. Автор «Бұқпа!» газетінің 2003 жылғы 21 тамыздағы № 33 санында жариялаған «Тұған өлкенің аққан жұлдызы» аты мақаласында Зейнелғабиден өміріне байланысты көптеген құнды деректерді қамтыған және Зейнелғабиден Әміреұлының өмірі мен шығармашылығы туралы қарастырған кейінгі авторлардың көбі осы Абай ақсақал келтірген деректердің төңірегінде айналсоқтайдыны бірден аңғарылады.

Автор Зейнелғабиденнің әкесі Әміре қажы туралы жаза отырып, қажының жайлауы қазіргі Омбы облысының Москален ауданы жеріндегі Ебейті көліне құяр сағада болғандықтан, сол ауылдың Саға аталғанын мензейді. Зейнелғабиденнің сол жерде туғанын, Столыпин реформасы кезінде шұрайлы жерден

ығыстырылған Әміре қажы ауылы қазіргі Қараой өніріндегі Сиыршы жайлауына біржола көшіп келгендейдің накты деректер арқылы алға тартады. Әміре қажының елге сыйлы, көкірегі ояу адам болғанын, Қызылжар-Омбы теміржолы тартылғанда қаржылай көп көмек жасағаны үшін ақ патшадан сыйлық алғандығы, екі рет қажыға барып, соңғы сапарында сол жақта шәйіт болып жерленгені, бәйбішесі Қалампыр ана ұлына қоса, жұбайының құрдасы Базар картты ерте барып соңына зиярат етіп қайтқаны туралы деректерді де келтіреді.

Зейнелғабиден Әміреұлы туралы «Қазақ Совет энциклопедиясында» кезінде қысқа ғана мәлімет берілгендейдің айта келе, он бес-он алтылар шамасындағы Зейнелғабиден әкесінің Қызылжар базарына апарып сатып кел деп жіберген 40 тайыншаны екі жігітімен айдал апарып, татар ағайындардың кеңесімен оқу іздең Уфаға асқанын, ондағы «Ғалия» медресесінде үш жыл оқып, 1899 жылы елге оралғанын жазады.

«Хабарсыз кеткен баласының білімдар болып келгеніне ата-анасы, елі қатты куанып, риза болады, әкесінің және халықтың қаражатымен Саға аулында медресе салады». Оқу орнын медресе демей – мектеп, «молдасын» – мұғалім-ұстаз деп атады», – деп баян-дайды автор мақаласында.

Автор сонымен бірге, Зейнелғабиден мектебіндегі өзге діни бағыттарғы оқытушыларға қарағанда анық көзге ұратын өзгеше жаңалықтардың мұнымен бітпегенін анықтай түседі: «Жазалы болған шәкірттер басына кірпіш ұстап тұрмайды екен, оларды көк шыбықпен шықыртпайды екен. Бұлай дәріс бере

алмайсын», – деп наразылық туғызғандар да болмай қойған жоқ. Жас ұстаз Зейнелғабиденниң оларға айтары: «Сабак баласына таяқ керек емес» болды».

Абай Мұқаштегінің аталған мақаласын «Насихат Қазақия» еңбегінің қысқаша аннотациясы деуге әбден лайықты. Аталған еңбекке енген материалдар, Зейнелғабиденниң абайтанудағы орны, Зейнелғабиден мектебінен туып шыққан танымал шәкірттер, тұлғаның өмірден өтуі, Әміре қажы үрпақтарының және олар мекендердеген атақоныстың кейінгі тағдыры туралы құнды мәліметтерді бір мақала аясына сыйдыра отырып, автор «Ал жерлесіміз Зейнелғабиденниң есімін ардақтап, педагогтік, жазушылық еңбектерін, қамшының сабындағы қысқа өмірінде туған халқына арнап артына қалдырган жазба мұрасын зерттеп, барша жұртшылықтың игілігіне айналдыру, еңбектерін насиҳаттау, ғылыми бір жүйеге келтіруді ғылым, білім және мәдениет саласындағы ғалымдарымыздың еншісіне қалдырық», – деп аманаттаған екен.

Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Жәмбек Сәбит Нұрмағамбетұлының «Зейнелғабиден әл-Омскаудың оқу-ағартушылық қызметі мен «Насихат Қазақия» еңбегінің әдеби-тарихи маңызы» атты ғылыми мақаласының жалпы мазмұны Абай Мұқаштегі мақаласындағы дереккөздердің ауқымында болғанымен, ғалым өз еңбегінде Зейнелғабиден Әміреұлы оқыған «Ғалия» медресесі және осы оқу орнын бітіріп шыққан Бейімбет Майлин, Мағжан Жұмабаев (Зейнелғабиденге жиен болады), Бекмұхамед Серкебаев (бұл кісі қызылтулық, Ермектің

әкесі), т. б. қазақтың өзге де көптеген белгілі тұлғаларын атап өтеді. Сонымен қатар автор Уфандың «Шарх» баспасынан жарық көрген «Насихат Қазақия» еңбегінің маңызына тоқтала отырып, белгілі әдебиеттанушы ғалым Бейсенбай Кенжебаев құрастырған, төңкеріске дейін шыққан кітаптар тізімінде Зейнелғабиден Омскауден өзге бірнеше автордың «Әдебиет Қазақия», «Насихат Қазақия» атты кітаптары болғандығын, солардың ішінде Зейнелғабиден шығармашылығы өзінің абыттану ілімінің бастауында тұрғандықтан, ерекше құнды екендігіне ерекше тоқталып өтеді.

Ғалым С. Жәмбек «Тұғыры биік тұлға» атты мақаласында да Зейнелғабиден Әміреұлының қазақ әдебиетіндегі орнын айта келе, Зейнелғабиден тәлім алған, сол тұста ресейлік түркі халықтары арасында ерекше ықпалды рухани қүшке айналған Ысмайыл Гаспиралы (Исмаил Гаспиринский) көтерген түркішілдік идеяға баса назар аударады. Зейнелғабиден Әміреұлы шығармашылығындағы ұлттық рухты, жаңашылдықты автор осы аспектіде алып қарастырады.

Белгілі абыттанушы, абылайтанушы ғалым, филология ғылымдарының кандидаты Зайқын Тайшыбайдың «Жұлдыз» журналында жарияланған «Насихат Қазақия» жинағындағы Абай өлеңдері» атты мақаласын Зейнелғабиден Әміреұлының Абай шығармашылығын мәтінтану тұрғысында зерделеуге қосылған салмакты дүние деп танимыз.

Автор «Насихат Қазақияны» казақ әдебиетінің мәселелерін ерте қорғаған аса құнды ғылыми еңбек» деп баға бере келе, Зейнелғабиден Әміреұлы жинап, өз кітабында жариялаған Абай өлеңдерінің тілдік

қолданысына мән береді. Автор Зейнелғабиденниң «Насихат Қазакия» кітабын кирилшеге түсіріп, мәтіндік тұрғыда зерттеуге зор үлес қосқан ғалым Мекемтас Мырзахметовтың енбегіне сілтеме келтіре отырып былаій дейді: «Абай өлеңдерін «Абайдың 1945 жылғы 100 жылдық мерейтойына арналып дайындаған толық жинаққа «Осы «Насихат Қазакия» кітабында басылған бір топ Абай өлеңдері ішінен «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек» және «Ал енді жақсы дейміз кімді қалап» деп басталатын екі өлеңін М. Әуезов өз қолымен қөшіріп ендірген. Бірақ М. Әуезов ұсынған екі өлең де юбилейлік жинаққа белгісіз бір себептермен енбей қалғанына» зерттегеуші куәлік етеді». Яғни, Мұхтар Әуезовтың өзі таныс болған және ондағы өзіндік өзгешеліктерді ескере отыrsa да, Зейнелғабиден кітабындағы өзгеше қолданыстар неліктен кейінгі кітаптарға енбей қалғандығына автор таңданыс білдіре отырып, аталған өлеңнің «Насихат Қазакиядағы» шумақтарындағы айырмашылықтарды талдайды. Ғалым «З. Әміреұлының осы жинағындағы өлеңдерден Абайдың өз қолтаңбасын табамыз. Өлеңдік құны, мәтіннің ой қуаты, сөз қисыны Абайдың өзіне келіп-ак тұрған жерлері аз емес. Сондықтан, бұл да Абайдың өз қолынан шыққан өлеңдер десу лайық. Олар Абай қайта қарап, кей жерлерін қайта жазып шыққан алғашқы нұсқалардың бір түрі десек, немесе бұлар алғашқы түрі, ал қазіргі жинақтардағысы Абайдың қайта қарап түзеткені болса ше?» деген ой тастайды. Мұндай ойға өзек болып отырған мәселес – Зейнелғабиден енбегінде берілген Абай өлеңдерінің кей тұстары қазіргі Абай жинақтары мен академиялық оқулықтардан өзгеше

булуды. Мысалы, «Өлең – сөздің патшасы, сөз сарасы» өлеңінде «Өлеңге әркімнің-ак бар таласы» деген жол бар. Ал Зейнелғабиден Әміреұлы кітабында осындағы «бар таласы» деген екі сөз «тайталасы» деген сөзben алмастырылып берілген. Зарқын Тайшыбайұлы «бар таласынан» гөрі «тайталасының» көркемдік қуаты артық екенін атап өтеді және біз де осы уәжге қосыламыз. Әрбір қазақ өлең жазып, шығара бермейді, ал өлең шығару қабілеті бар ақындар өзара тайталасқа түссетіні рас кой. Зарқын Тайшыбайұлы осындай жиырмаға жуық сөз қолданыстарына арнайы токталады.

«Зейнелғабиденнің 1909 жылы Уфа қаласында басылған «Насихат Қазақия» кітабы Абай мұрасын насихаттау мен алғаш танып, дәл бағалауда революцияға дейінгі дәүірдегі әдебиетте өзіндік орны мен белгілі дәрежедегі ерекшелігі бар еңбектер қатарына жатады» деген қорытынды жасайды.

Зейнелғабиден әл-Жауари Омскаудің сонына қалдырған рухани мұраларын жинақтауға ерекше үлес қосып жүрген азаматтың бірі – Ш. Үәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің ұстазы, педагогика ғылымдарының докторы, профессор Тұрсынбек Сабырұлы Мәліков. Тұрсынбек Сабырұлы тек Зейнелғабиден шығармашылығына катысты дүниелерді ғана емес, Зейнелғабиден мектебінен оқып, үлкен өмірге қанат қақкан, кейіннен қала берді Үлкен, Кіші Қараой өңіріне, асса барша қазаққа танымал болған әйгілі шәкірттері туралы да қарастырып, жүйелі түрде жинақтап жүргендігін атап өткен жөн. Тұрсынбек Сабырұлының қолында «Насихат Қазақия» кітабының Уфада 1909 жылы жарық көрген түпнұсқасы сақталған.

Зейнелғабиден әл-Жауари небары 4 жыл жұмыс істесе де өнірдің білім-ағарту ісінде өшпес із қалдырып үлгерген. Сиыршы ауылындағы мектебі және онда білім алған қоғам қайраткерлері Смағұл Сәдуақасов, Габиболла Әмрин және басқалар туралы мәліметтер жинақтаған. Демек, Тұрсынбек Сабырұлы – Зейнелғабиден Әміреұлы шығармашылығын қазіргі, кейінгі буынға лайықты танытып, насихаттауға мүдделілік танытып жүрген бірден-бір жанашыр жоқшысы болып табылады. Олай болуының да жөні бар. Біріншіден, Зейнелғабиденнің әкесі Әміре қажы мен Тұрсынбек Сабырұлы төрт атадан қосылатын жақын ағайын. Екіншіден, әкесі Сабыр Мәліков – Зейнелғабиден мектебінен білім алған әйгілі шәкірттердің бірі. Ұстазының өнегелі жолын жалғастырған Сабыр Мәліков те өзі туып-өскен өңірдегі оқу-ағарту жұмысына бір кісідей еңбек сінірген, орденді ұстаз болыпты.

Зейнелғабиден ұстазының игі өнегесін бойына сінірген Сабыр Мәліковтің биік тұлғасы туралы бүгіндері ең кемі жетпіс асып, сексеннің сенгіріне шыққан талай жандардың айтуында небір ізгі лебіздерді естуге болады. Солардың бірі Болатбаев Лекер деген қарт ұстаз былай деп жазады: «О, жаратқан жалғыз Аллам, осы жетімдікте көмектескен, өзің жіберген Қыдыр-Қызырдай адамдарды атап айтқым қеледі. Соның бірі – Мәліков Сабыр, менің ұлы ұстазым. 1941 жылы тамыз айында кішкене бір орта мектеп жанындағы мектеп-интернатқа орналастым. Сонда оқып жүріп, сегізінші сыныптан бастап, екі жыл мектеп-интернатында қойма менгерушісі, оныншы сыныпта

мектеп есепшісі болдым. Жұмысқа аларда, маған Мәліков Сабырдың айтканы: «Саған қазір садақаның керегі жоқ, сен түбінде оқуға барасың, саған ақшаны кім береді? Мен жинай беремін», – деді. Жалақының бір айлығының өзіне бір бөлке нан да келмейтін. 1946 жылы 10 жылдықты бітірдік. Оқуға кетерде Сабыр ағай үш жылғы ақшамды санап, өз қолыма берді, – деп тебіреніспен еске алады.

Тұрсынбек Сабырұлы әкесі Сабыр Мәліков және ағартушы ұстаз Зейнелғабиден Әміреұлы туралы бірнеше мақаланың авторы. Негізінен орыс тілінде жазатын автордың «Слова, звучащие сквозь время» атты мақаласында («Наука и образование Казахстана» журналы, № 3, 2012 ж.) орыстілді оқырманға Зейнелғабиден Әміреұлының өмірі мен шығармашылығы туралы таныстырады. Бұл болашақта жарық көретін қомақты дүниенің сұлбасы болуға тиіс деп білеміз.

Тұрсынбек Сабырұлы бізге (А. Байтанұлы) Зейнелғабиден Әміреұлының «Насихат Қазакия» еңбегінің көшірмесін жолдай отырып, «тың көзбен қарап, кирилл қарпіне қайтадан түсіріп көрсөң қайтеді» деп ұсыныс жасаған болатын, Ұсул жәдит реформасы тұсында түрки тілінде (негізінен қазіргі әдеби татар тілі деуге болады) жарық көрген аталған кітапшаны кирилишеге түсіру барысында өзімізге дейін түсірілген нұсқаларға сүйендік. Мұнда Тұрсынбек Сабырұлы ұсынған Ғалым молланың және абайтанушы ғалым Мекемтас Мырзахметұлының түсірген нұсқалары қолымызда болды. Аталған жұмысты атқаруға біршама уақытымызды жұмсал, шұқшия оқу барысында, бұған

дейін кейбір жаңсақ оқылған немесе замана ауанына сәйкес әдейі тастап кеткен жерлеріне түзету, толықтырулар жасалды. «Әдейі тастап кеткен» дейтініміз – дін ғұламасы Зейнелғабиден әл-Жауари өзінің айтайын деген ойын барынша қанық жеткізу ниетімен, кей тұстарда қасиетті Құран аяттарын келтірген жерлері әдейі енгізілмей, қалдырылып отырғандығын коммунистік биліктің қырағы қабағынан именушілік деп білеміз.

«Насихат Қазакия» қазіргі күнге дейін лайықты деңгейде зерттеліп, насихатталып отырған еңбек деп айта алмайтынымыз анық. Және де автордың трактаттарында көтерілген көптеген мәселелердің бүгінгі тәуелсіздік заманында да маңызы арта түспесе, еш кемімегендігі ғажап емес пе? Ұлттық құндылықтарды сақтап, нығайтып, насихаттау турасындағы ерікжігер, ұсынған идея ешқашан ескірмек емес. Зейнелғабиден кітабындағы дінді дүмшелікпен емес, жүрекпен түсініп оқу, баланы оқытуда олардың физиологиялық даму ерекшелігін ескеру, ана тілінде шұбарламай дұрыс сөйлеу, шаруа жайын дұрыс үйымдастырып, егін салып, мал бағу, әдеби шығармалардың талғамды болуына мән беру сияқтылар қазіргі заман адамы үшін маңызды болудан қалған мәселелер деп кім айтар?

Зейнелғабиден Эміреұлының аталған еңбегін Ахмет Байтұрсынұлының қазақтың ауызекі тіліне лайықтай отырып түзген төте жазуы өмірге келгенге дейін жарық көрген таза қазақ тіліндегі кітап деуге болады. Себебі, Ахаң реформасына дейінгі қазақ кітаптары дейтіннің өздері қазіргі талғам биігінен алғанда, тілдік түрғыда

нағыз «қойыртпақтың» өзі болғандығын біз ұлттық әдеби тіліміз бен жазуымыздың дамуы тарихындағы жолайрық ретінде қарастырамыз. Зейнелғабиден Әміреұлының «Насихат Қазакия» кітабын түркіден тұра түсірер болсақ, қазіргі қарапайым қазақ оқырманына түсіну ауыр болады. Сондыктан да, қазіргі қазақ тілінің нормасына сәйкес түсіруді жөн санадық.

«Насихат Қазакиядағы» қазақ сөздерінің қолданыс ерекшелігі, автордың педагогикалық ойлары, кітаптағы Абай өлеңдерінің мәтіні, Зейнелғабиден Әміреұлының өмірі мен шығармашылығы, т.б. тақырыптар өз зерттеушісіне сұранып тұрған тақырыптар. Тіпті әйгілі ақын Мағжан Жұмабаевтың «Жауар нағашыларыма» атты өлеңінде Зейнелғабиден Әміреұлының есімі аталатының өзі арнайы зерттеу көзі емес пе? Зейнелғабиден Әміреұлының өмірі мен шығармашылығына қатысты кешенді жүргізу бағдарламасын жергілікті өлкетану бағдарламасы аясында жүргізіп, бұл іске ынталы ғалымдар мен журналистерді тарту арқылы көптеген жаңа деректерге қол жеткізуге болады деп білеміз.

## **2.4. Зейнелғабиден әл-Жауари – ағартушы, педагог, жазушы**

Тұрсынбек Мәліков, п.ғ.д., физика және математика кафедрасының профессоры

Зейнелғабиден ибн Әміре әл-Жауари әл-Омскауи – (ол өз шығармаларына осылай арабша мәнерде кол қоятын болған) бұл Зейнелғабиден Әміреұлы, Жауар руынан, Омбы қаласынан шыққан дегенді білдіреді. Дегенмен, шындығына келсек, көшпелі рудың жағрафиялық аумағы бұдан әлдеқайда кең еді: яғни тек Омбы төңірегіне ғана емес, бұрынғы Көкшетау облысының аумағына дейін ұласатындықтан, ең онтүстігіндегі қоныстарының бірі Сиыршы ауылы болатын. Бұл ауылдың орны қазіргі Дәуіт станциясы тұрған жер, Зейнелғабиден де осында мәңгілік қоныс тапқан.

Ол XX ғасырдың басындағы алғашқы ағартушы, жазушы, педагогтер арасында Абай тұлғасына лайықты баға беріп, еңбек жариялаушылардың бірі болып табылады. Зейнелғабиден әл-Жауари Уфа қаласындағы «Галия» жоғары діни оқу орнында білім алады. Сол кезеңде Ресейде бұл медресе мұсылмандарға арналған ең беделді оқу орны болатын, мұнда ислам рухына тәрбиелеумен қатар, өзге дүнияуи білімге: физикаға, философияға және басқа да ғылымдарға мән беретін еді. Қазақстанның көптеген ілгерінді қайраткерлері осы оқу орнында оқыған болатын.

Медресені бітірген соң 1916 жылы Зейнелғабиден өз қаржысына туған әуылы Сиыршыда мектеп ашады, ондагы оқу қазақ және орыс тілдерінде жүрілгендейткен, казақ-орыс мектебі деп аталады. Бұл да «Галия» медресесін бітіруші тұлектердің дәстүрі еді. Орыс тілін оқып үйренуді ол қазақтардың әлемдік өркениетке кірігу құралы деп санап, басым бағыт ретінде мән береді.

Мектеп небәрі төрт жыл ғана өмір сүргеніне қарамастан, осы өнірдегі халыққа білім беру ісінде айқын із қалдырыды, бұл мектептің окушылары, жалырақ жайып гүлдендірген өскіндері қалды. 1916 жылы осы мектептің мұғалімі, кейіннен белгілі қоғам және саяси қайраткер болған жас Смағұл Сәдуақасовтың болуы да қызықты. Зейнелғабиден әл-Жауаридің ағартушылық ісі нағыз самғау шағында кілт үзілді, 1920 жылы шығармашылық қарымы тебіндеген 37 жасында ол өмірден өтті (жаңғыз баласы Энуар соғыстан қайтпады). Осы бір зияткерлік әлеуеті мен адамгершілік ұстанымы зор ғажайып адам өз Отаны үшін қаншама пайдалы іс тындырған болар еді дегенді тек өкінішпен, ойша парлауға ғана тұра келеді. Оның үстіне алда тұрған аса маңызды саяси және әлеуметтік-экономикалық өзгерістер кезінде мұндай адамдар елге аса қажетті, сұранысты еді.

Зейнелғабиден әл-Жауаридің ең маңызды туындысы – 1909 жылы Уфа қаласында басылған «Насихат Қазақия» кітабы болып табылады. Еңбекте автор қазақ халқының идеологиялық, педагогикалық және әлеуметтік проблемаларын ашып көрсете отырып, бір жағынан өз білімінің энциклопедиялық сипатын

танаңтады, ал екінші жағынан әрбір баяндалатын тақырып ауқымының кәсіби білімдік маңызын да көрсетеді. Ол сонымен катар сол заманғы ілгерінді қайраткерлердің басты мінбері саналатын, қазақтың алғашқы қоғамдық-саяси журналы «Айқаптың» (1911–1915 жылдары Троицк қаласында шығып тұрған) белсенді тілшілерінің бірі болды. Оның тағы бірнеше туындыларын құғын-сүргін жылдары, туыстары темір сандыққа салып, қабірінің жанына, тұрасын айтқанда, жерлеген екен, бұл заттар қазіргі күнге дейін табылмай отыр. Оның еңбектерінің маңызы жөнінде Ф.Мұсабаев, М.Мырзахметов, К.Тәшібаев, З.Тайшыбай қатарлы белгілі ғалымдар соңғы онжылдық қөлемінде мақалалар жазды. Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінде Зейнелғабиден әл-Жауарі шығармашылығын зерттеу бойынша ғалымдар С.Жәмбек, А.Есмағұловтардың және магистранттардың күшімен накты жұмыстар жүргізілуде. Алайда оның қазақ халқының мәдени қазынасына қосқан үлесіне әлі де болсын лайықты баға берілген жоқ.

Осы адамның қалыптасуы жайлы ой жүгірту барысында, көп жағдайды бірден дәлме-дәл түсіну мүмкін емес. Ол уақытта тым шалғай орналасқан (сол заман ауқымымен алғанда) ауылдағы бұған жоғары оқу орнына түсіп оқимын дейтіндей, үлгі аларлықтай біреу де мұлде жоқ еді ғой. Патриархалдық әдет-тұрып бойынша өмір жолын таңдауда қандай бір еркіндік, артықшылықтарға ие боларлықтай дейтіндей, үйдің тұңғышы да, кенжесі де емес, неліктен аяқ астынан отбасындағы алтыншы ұлды алыс Уфаға білім іздеуғе аттандыру ойға оралды екен деген сұрақ та таңданыс

тудырады. Материалдық жағынан болсын, әлеуметтік жағдайдан болсын, рұлық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар жағынан болсын ешқандай мұқтаждық, мәжбүрлік болмаса да, не себепті ол кенеттен үйреншікті де жайлыш өмір салтынан бас тартып, осы әлдеқалай баянсыз да ауыр миссияны мойнына жүктеп алуға қалайша бекінді екен? Мұны қандай жағдай болмасын, ерте ме кеш пе әйтеуір бірде бұзып-жарып жол ашатын талантты адамдарға тән ерекшелік болып табылатын шынайы патриотизммен, рухани биқтікпен, адамгершілік пен білімге деген асқан құштарлықтан өзгемен түсіндіру мүмкін де емес шығар.

Мүмкін, осының бәрінің түп негізі оның әкесінде жатса керек. Зейнелғабиденниң әкесі Әміре қажы, Қазақстанның солтүстік өніріне белгілі қоғам қайраткері, болыс болған әрі өз тұсындағы дәүлетті адамдардың бірі санатындағы адам болыпты, өз руының жерін басып өтетін Батыс Сібір теміржолы құрылышын салу ісіне үлкен үлес қосқаны үшін II Николай патшадан бағалы сыйлықтарға қоса шекпенмен сыйланған екен. Әміре қажы өзінің Меккеге алғашқы сапарын қалай ойластырғаны туралы аңызды аксақалдар әлі күнге дейін айтады. Жасы ұлғайған шағында, тірлікте татар дәмінің азайғанын сезген ол, өзінде бар байлық пен жетістіктерінің өтпелі екенін бағамдай отырып: «Енді бақиғы өмір туралы ойланатын да заман келген екен» деп ой қорытады. Әміре қажы мұсылмандар үшін қасиетті орынға екі рет сапарлайды, алайда тағдыр оған екінші сапарынан аман-есен оралуды жазбаған екен, Мекке қаласында дүниеден өтіп, сонда жерленеді. Ол туралы жарқын естеліктер күні бүгінге дейін сакталған:

Омбы облысындағы Москален ауданында «Әміре сайы» («Балка Амре») атты жер бар.

Зейнелғабиденнің кітабын оқи отырып, осы бір тұлғаның ішкі еркіндігіне, тіпті сол заманың жаһандық проблемаларын беделді тұлғалар алдында ешқандай бүгежектеп қорқусыз қарастыруға мүмкіндік берген кейбір амбициялылығына да қайран калудан бір танбайсын. Ондағы сараптауларының тереңдігі, ұсыныстарының барынша уақытылы қойылуы, ойлау ауқымының кеңдігі және де өз халқының қайғы-қасіреті мен тағдыры үшінгі жауапкершілігіне разы боласын. Бұл таңданыс, егер осы жолдардың авторы әлі отызға да толмаған жас екендігін білгенде, бұрынғыдан да арта түсетіні анық. Мүмкін, сол кезеңдегі тұтастай бір санлақ зиялыштар тобының мұндай ұстанымын тарихи мәнмәтінде түсінуге болатын шығар. Бірақ, алайда қазіргі кейбір жастардың ұмтылыс-мақсаттарының тым күйкілігін бағамдай отырып салыстырғанда, бұл адамдардың гуманистік ұстанымдары өзіне деген үлкен құрмет сезімін тудырады.

Тіпті ақыр соңында, автордың тілі, жазу стилінің өзі сұлулығымен, байлығымен, әсерлілігі және бейнеллілігімен таң қалдырады, арада қаншама жылдар өтсе де осы бір біртуар адамның гуманистік мақсаты бәз-баяғы қалпымен жүрекке тұра жететіндей. Сондықтан да бұл еңбектің оқырманды бей-жай қалдыруы, иғі әсер етпеуі мүмкін емес.

Әйгілі түркітанушы М.Мырзахметов Зейнелғабиден әл-Жауаридің Абай тұлғасын заманының ұлы ойшылы ретінде тану мен биікке көтеруде қандай баға жеткісіз үлес қосқанын атап көрсеткен болатын. Мұхтар

Әуезовтың өзі «Насихат Қазақия» кітабына оң пікір берген. Ұлы адамдардың ғылым, өнер, жалпы мәдениеттің қай саласында болмасын, қандай бір ұлы іс тындырғанынан гөрі, әдетте, оны сондай дәрежеде мойындастып танытуға қол жеткізудегі жолының барынша құрделі болатынына тарих жолы күә. Олардың данқ биігіне жетер жолы әр кез азапты да қын болды, адамдардың кез келген саяси және экономикалық өмір сұру жағдайында, олардың бірегей тұлғасын мойындауға қарсы тұратын кертартпа күштер де әрдайым табыла кететін. Және бұл дағы қоғам өмірінің әлдебір бұлжымас заңы болар, бәлкім. Біз барша ұлы адамдардың бәрі бірдей мойындалғанын да әлі күнге дейін көрген емеспіз. Осыған байланысты бір еске түсетін мысал, Нобель сыйлығының лауреаты Иосиф Бродскийдің ақын Е.А.Баратынский туралы пікірі, яғни ол мұны Пушкин дәуірінің ең жарқын поэтикалық талант ретінде санайды, тіпті оны Пушкиннің өзінен де жоғары қояды. Ал оның танылмау себебін ол Е.А.Баратынскийді тым аз адам білетіндігінде, адамның жадысы рациональды болғандықтан, бір тарихи дәуірдің өкілі болып саналатын тұтастай бір талантты сандақ адамдар тобы арасынан бір ғана тұлғаны, барынша белсендісін, айналасынан қолдауына ие бола білетін, шынын айтқанда, барынша пысығырағын тандап алатындығында болса керек деп тұжырымдайды.

Зейнелғабиден әл-Жауари өз кітабында сол кезең үшін білім алуды өзекті міндет ретінде қарастыра отырып, мектепте оқу-тәрбие үдерісін ұйымдастыруға барынша көңіл бөледі. Мұнымен қатар, ол қазіргі күні көпке белгілі, ол кез үшін өзекті болған сыныптық сабак

жүйесін ұйымдастыру сиякты дидактиканың бастауларын насиҳаттайты, оның еңбектерінде классикалық педагогикалық ұстанымдарды тиянақтап бекітетін көптеген идеялар кездеседі және олар қазіргі күнде де өте заманауи болып сезіледі. Мысалы, ол былай деп жазады: «Бала табиғатын ескермesten, өзінің орашолақ әрекеттерімен жеті-сегіз жастағы баланың әлі жетіле қоймаған жаңын іс жүзінде зорлыққа ұшыратады» Бұл неге табиғатқа икемділік қағидаты болмасқа? Оның тілдерді оқыту жөніндегі ұсынысы біздің тілдерді оқыту бойынша қазіргі саясатымызben сәйкес келеді. Алайда біз бұл жағдайға тек XXI ғасырдың басында ғана жетсек, ол бұл идеяны XX ғасырдың басында-ақ айтқан екен. Оның ұсыныстарындағы оқушылардың дайындық деңгейіне негіздей отырып мұғалімнің оқушымен қатаң жеке жұмыс жүргізуін ұйымдастыру кезіндегі дифференциялау, жеке тұлғаландыру мен өз бетіндік жұмыстар қағидаттарын қалай көріп-білмеуіміз мүмкін?

Мектепте оқытуды ұйымдастыру бойынша оның өзге де осиеттері мен насиҳаттары, мұғалім тұлғасына деген козқарасы, балаларға деген құрметіне қарап бізге Зейнелғабиден әл-Жауари шын мәнісіндегі ұлы гуманист, патриот және ағартушы болды деп айтуымызға мүмкіндік береді.

Оның сөздері Абай мен І.Алтынсарин сөздерімен үндес. Бұл, мүмкін, олардың бір дәуірде өмір сүріп, өз дәуірінің бірдей шақыруы мен проблемасының сұрағына үн қатуларына, сің бастысы, олардың жауабы бірдей деңгейдегі терең мазмұнды болуына байланысты болса керек. Оның тілді оқытуға қатысты пайымы да

тандандырады, мұнда ол осы заманғы дидактикалық жағдайды алдын ала болжап қана қоймай, сонымен бірге ол бұларды этникалық сипаттағы проблемалармен қоса интернационализм рухында алтың қарастыра алған. Автор саяси құрылымында және демократиялық институтка көзісты сұрақтарға да бірегей ойларын білдіреді.

Алайда уақыт өте берді. Қазақ даласына жеткен өркениетке іс жүзінде көмек көрсеткені үшін Әміре қажыға патша сыйлаған шекпен шын мәнісінде оның үрпақтары үшін қара жамылғыға айналды: қуғын-сүргін жылдары бүкіл әулет қуғынға ұшырады; өз халқының мұны мен мұқтажын өзек еткен Зейнелғабиден әл-Жауаридің шығармалары туралы ұзак уақыт бойы жақ ашпауға тура келді. Зейнелғабиден ибн Әміре әл-Жауаридің орысша-қазақша мектебі әлдекашан жоғалған, Сиыршы ауылы да жер бетінен өшкен, тек көне зират қана бұл жерде ауыл болғанын еске салып тұр.

Бірақ оның кітаптары қалды, үрпақтан үрпаққа толқындай ұласып игілікті ықпал жасаушы ізгілікті істері қалды. Қазақ ССР Жұмысшы-шаруалар инспекциясының алғашқы басшыларының бірі болған, 1937 жылы ату жазасына ұшыраған Хабиболла Әмрин; Қазақ ССР Фылым академиясының корреспондент мүшесі, 2007 жылы ғасырлық мерейтойында казақ сез өнерінің тарланы атанған Гайнетдин Мұсабаев; халықта білім берудің негізін қалаушылардың бірі, Қазақ ССР-іне еңбегі сіңген мұғалім Сабыр Мәліковтер сияқты өзінің ұлы ұстазының адамгершілігі мен ісіне деген

жауапкершілігін лайықты деңгейде жалғастырған шәкірттері қалды.

Қарасаңыз царизм, феодализм және басқа да «измдердің» баянсыз құндылықтарынан гөрі, ақылдың, мейірімнің және мәңгіліктің жаңа толқынын тудыруши, өмірге барынша бейім құндылықтар ғана мәңгілік қалады екен.

Зейнелғабиденнің мектебінде оқыған барлық оқушылар алған білімдерінің арқасында, өмірде құрметті орындарды иеленді, олардың кейбірі Қазақстанның танымал адамдарына айналды.

Мектеп басшысы ретінде ол кейіннен Қазақстанның ірі саяси және қоғам қайраткерлігіне көтерілген жас мұғалім Смағұл Сәдуақасовқа игі ықпал жасады.

Осы мектептің көрнекті тәрбиеленушілерінің бірі – Хабиболла Әмрин, ол жауапты партия қызметкери болды, ҚазССР үкіметінде қызмет аткарды. Алайда оның өмірі қайғылы аяқталды. 1937 жылы ату жазасына ұшырағанының өзін оның біртуарлығының көрініс сипаты ретінде бағалауға болады. Тағдырына тап келген барша өрескелдікке, қаталдық пен трагизмге толы оның өмір жолы туралы айтсақ: ол білім алуға құштарланды, халқының иглігі үшін бел шешпей адальмен жұмыс атқарды, үйымдастыруышық қабілетімен танылды – ақыры осының бәрі түсініксіз жағдайдағы қайғылы қазаға әкелін соқты.

Хабиболла Әмриннің өмірбаяны ұлы Болат Хабибуллин мен немесе Масат Әмриндердің мәліметтері негізінде жазылды.

Зейнелғабиден мектебінің келесі бір тәрбиеленушісі Ғайнетдин Мұсабаев әйгілі филолог ғалым, филология ғылымдарының докторы, Қаз ССР Ұлттық Ғылым академиясының корреспондент мүшесі болды, 2007 жылы жұз жылдығында оны қазақ сөз өнерінің тарланы деп атаған еді.

Өзінің ұлы ұстазының ісін Қызылту ауданындағы халық ағарту ісінің негізін қалаушылардың бірі, Қаз ССР-іне еңбекі сіңген мұғалім Сабыр Мәліков жалғастырды.

Сонымен қатар Қызылту ауданындағы жауапты лауазымды қызметтің түрлі салаларында Зейнелғабиден мектебінің шәкірттері Шамғон Байманов, Сираж Дағыров, Зияш Асқаров, Шәрапи Дағыров және тағы басқалар қызмет жасады.

### **III. ШӘКІРТТЕРІ**

‘ Зейнелғабиден мектебінде дәріс алғандар өмірде мәртебелі орын алды, шәкірттердің кейбіреулері қазақ елінде танымал болды. Мектеп директорын басқарған тұсында ұлы ұстаздың игі әсері кейін Қазақстанның атақты саяси және қоғам қайраткері атағына ие болған жас мұғалім Смағұл Сәдуақасовқа тиіді.

Партия мүшесі, ҚазССР үкіметінде еңбек еткен Хабиболла Әмрин осы мектептің шәкірті болған. Өкінішке орай, ол қайғылы жағдайда қаза тапты: 1937 жылы атылды. Оның өмірбаяны оған көрсетілген қаталдық, мейірімсіздігі мен үйлесімсіздікті көрсетеді: өмір бойы білімге құштар болған, халықтың қамы үшін терін токкен және көшбасшы алғырлығымен ерекшеленген адамның өмірі ақылға қонбайтын айының қылған. Хабиболла Әмриннің өмірнамасы баласы Болат Хабибуллин мен немересі Macat Әмрин іздестіріш, тапқан бірегей құжаттық деректемелер негізінде жазылған. Зейнелғабиден мектебінің басқа шәкірті – Гайнетдин Мұсабаев. Ол көрнекті филолог, филология ғылымдарының докторы, ҚазССР Ғылымдар Академиясының мүшесі болды, 2007 жылы жүз жылдық мерейтойна орай Гайнетдин Мұсабаев «Қазақ әдебистінің тарланы» сыйлығының иегері болды.

‘ Ұлы ұстаздың жолын қуған және жалғастырған – Сабыр Мәліков, ол Қызылту ауданында халыққа білім беру жүйесінің негізін құруышылардың бірі, ҚазССР еңбек сіңірген ұстазы, бірнеше ордендер мен медальдардың иегері.

Әртүрлі салаларда жауапты лауазымдарға ие болған Зейнелғабиден мектебінің шәкірттері: Шамғон Байманов, Зияш Асқаров, Сираж Дағыров, Шәрәпі Дағыров, Мұхтар Байманов, Бәшар Мәліков, Бейсенбаев Омар, Шайхеслям Нұғыманов, Хамзе Әмрин, Билял Жағыпаров, Зейнолла Дағыров және т. б.



### **3.1. Саяси және қоғам қайраткәрі Хабиболла Эмрин**

Уикипедия — ашық энциклопедиясынан алынған мәлімет:

**Әмрин Хабиболла** (03.1903, Омбы облысы Москален ауданы Саға қазақ ауылында дүниеге келген 13. 03. 1938, Алматы облысы Жаңалық елді мекенінде дүние салған) — қазақ зияясы, саяси құғын-сүргін құрбаны, Орта мектепті бітіргеннен қейін Орынбор, Қызылорда қалаларында, 1928–1933 жылдары Қазақ АКСР-ы Жұмысшы-шаруа инспекциясында, кейін Қазақ АКСР-ы ОАК-нде жауапты қызметтер атқарған. Мемлекеттік аппаратты “жергіліктендер” науқанына белсенді қатынасып, қазақ кадрларының басқару органдарына тартылуына оң ықпал жасады. “Жергіліктендер турали” (А.-М., 1934, орыс тілінде) деген ресми құжаттар жинағын бастырып шығарды. “Мекемені қазақыландыру мәселесі” төңірегіндегі

өзінің ой-пікірлерін баспа бетінде жариялады. Өмірінің соңғы жылдарында Қарқаралы, Қарағанды қалаларында халыққа білім беру саласында еңбек етті. “Қызыл Қазақстан” журналында (1929, мамыр) жарияланған “Сауатсыздықты жою жұмыстары” деген мақаласында халыққа білім берудің өзекті мәселелерін көтеріп, экономика және мәдени дамудың халықтың жалпы сауаттылығына байланысты екендігін ашып көрсетті. Әмрін 1937 жылы “Қарағанды ісі” бойынша “халық жауы” деген жасанды айыппен ұсталып, 1938 жылы 13 наурызда атылды. КСРО Жоғарғы Сотының 1959 жылғы 15 мамырдағы шешімімен ақталды.

Қазақстан энциклопедиясы, 1-том

---

Болат Хабибуллин, Халық шаруашылығы институтының доценті, Масат Әмрин

Хабиболла Әмрин – Зейнелғабиден Жауари мектебінде білім-тәрбие алғандар арасындағы аса қөрнектілерінің бірі, ол жауапты партия қызметкері болды, ҚазССР үкіметінде жұмыс істеді. Алайда оның өмірі қайғылы аяқталды: 1938 жылы ол ату жазасына қесілді және осының өзін онъін біртуарлығының тағы бір көрінісі ретінде бағалауға болады. Тағдырына тап келген барша өрескелдікке, қаталдық пен трагизмге толы оның өмір жолы туралы айтсақ: ол білім алуға құштарланды, халқының игілігі үшін бел шешпей адальмен жұмыс атқарды, ұйымдастыруышылық

қабілетімен танылды және мұның бәрін билік осылайша, өліммен бағалады.

Оның әкесі Шаймұқан ұлы Хабиболланың жасампазда шынайы бейбіт талпынысы осындай қайғылы нәтижемен аяқталатынын шын мәнінде білген болса, мүмкін ұлының білім алуға деген ұмтылышын қолдамаған да болар ма еді.

Хабиболла Әмрин 1903 жылы Ақмола облысы Омбы уезінің Саға ауылында дүниеге келеді. Руы – Жауар. Хабиболланың әкесі – Шаймұқан, атасы – Әміре қажы.

Әміре қажы – Омбы губерниясына танымал тарихи тұлға. XIX ғасырдың соңы, XX ғасырдың басында болыстық басқарушы. Транссібір теміржол магистралі құрылышы салынған кезде Транссібтің болыстық аумағымен өтетін бөлігін еңбек ресурсымен, жегін малмен және азықпен камтамасыз етуді жүзеге асырған. Еңбегін бағалағанының қуәсі ретінде губернатордың қолынан қымбат оқалы шекпенмен және сыйлықтармен марапатталған.

Әміре қажы мен қосағы Қалампирдың Нұғыман қажы, Зейнелғабиден, Дайыр, Шаймұқан, Хамзе, Біләл, Асқар атты жеті ұлы және Зұбайра атты бір қызы болған. Омбы облысындағы Әміре қажының отбасымен, жақын туыстарымен бірге барып қонатын жаз жайлауы болған жер әлі күнге дейін «Әміре сайы» деп аталады.

Әміре қажы қажылыққа екі рет барған және екінші реткі сапарында ол Мекке каласында мезгілсіз дүние салады. Бір жылдан соң жары Қалампир үлкен ұлы Нұғыманмен бірге Әміре қажының жылдығын өткізу

және басына тас белгі орнату үшін қажылық сапарын етеп оралады.

Білім алудың қандайлық маңызды екендігін түсінген Шаймұқан Хабиболланы өзінің ағасы Зейнелғабиден ашқан мектепке береді. (Хабиболланың ұлы атасы Жұмабай мен Сабыр Мәліковтың атасы Байман Бектұрдан тарайтын ағалы-інілі адамдар еді. Байман ауыл старшинасы болған және оның бауырлары Жаналы мен Жұмабай да өз отбасыларымен бірге қоныстас отырған. Олардың аттары Омбы облысы Қекшетау округі бойынша мал салығын жинау бойынша Патшалық Ресей империясының 1855-1858 жылдардағы санақ тізімдемелерінде ұшырасады).

15 жасында мектепті бітірген Хабиболла осында мұғалімдікке қалдырылады. Екі жыл мұғалім болып жұмыс істеген соң 1920 жылы 17 жасында ол Ақмола губерниясы халыққа білім беру губерниялық бөлімінің нұсқаушысы болады. Губерниялық білім бөлімінде 1922 жылдың сонына дейін жұмыс істеген ол азғана уақыт (3 ай) Омбыдан 140 шакырым жердегі Шарлак ауылында ашыққандарға көмектесуші комитет мүшесі болып қызмет атқарады.

Бұдан соң әкесі Шаймұқанның ақылымен ол 1924 жылы білім алуды жалғастыру үшін сол кездегі Қазақстанның астанасы Орынбор қаласына аттанып, қазақ жастарына білім беруге жұмылдырылған бірнеше бейімдік институттардың бірі – Қазақ халыққа білім беру институтына окуға түседі. Мұнда ол үш жылдық физика-математикалық циклді оқып бітіреді.

Осылайша ол сол заман бойынша зор білімге ие болады. Қазан төңкерісіне дейін қазақ арасында білімді

адамдар өте аз болды: небәрі 100-дей адам жоғары және аяқталмаған жоғары білімді болса, 1000-дай адам гимназиялар мен гимназиялар жанындағы училище-лерді бітіргендер болатын, сонымен қатар бірнеше мың адам шығыстық діни білімге ие еді.

1927 жылы окууды бітірген соң Хабиболла сол кезде Қазақстанның астанасы болған Қызылордада жұмысын бастайды.

Ол Қазақ Өлкесі Халық ағарту комиссариатында ағартушы болып қызметін бастайды және мұғалім болып қызмет істегендігі мен білім беру органдарының жұмысын білетін тәжірибесінің арқасында төрт айдан соң Қазмемсауда шикізат жедел дайындаушылар бойынша өлкелік курстардың менгерушісі болып тағайындалады.

1928 жылы Хабиболла мемлекеттік және партиялық бакылаудың бас органы – Жұмысшы-шаруалар инспекциясы Халық комиссариаты Өлкелік Бақылау Комиссиясы (ЖШИ ХК, Өлкелік БК, орысша қыскаша – Рабкрин) аппаратына аға инспектор болып ауысады. Мұнда ол бес жыл бойы Жұмысшы-шаруалар инспекциясының алдына партия қойған маңызды міндегтердің бірі – мемлекеттік және әкімшілік-шаруашылық аппаратты байырғыландырумен, яғни байырғы ұлттың іс жүзіндегі тенсіздігін жоюға және мекемелер мен ұйымдарға ұлттық кадрларды тек төменгі катарға ғана емес, орта және басқарушы құрамдарға да қабылдауға ықпал ету мәселесімен шүғылданады.

1929 жылы барлық республикалық органдар 1927 жылы Қазақстанның астанасы болып белгіленген

Алматыға қоныс аударады. Хабиболла да отбасымен «қиғаш» үйлер деп аталған кварталдағы Красноармейская көшесі 105-үйден (казіргі Панфилов көшесінде, Абай атындағы опера және балет театрының жоғары жағы) пәтер алады. Бұл республиканың көрнекті қайраткерлері – әртістер, жазушылар, ғалымдар, орталық органдар қызметкерлері тұрған алғашқы элиталық үйлер болатын.

1933 жылдың 1 қаңтарынан бастап Хабиболла Қазақ Орталық Атқару Комитеті (ҚазОАК) Байырғыландыру бойынша комитетке қызметке ауысады. Өзінің ұйымдастырушылық қабілеті, тәжірибесі мен білімінің арқасында ол қызметте жылдам өседі: егер ҚазОАК қызметкерлері тізімінде ол 1933 жылдың 1 қаңтарындағы жағдаймен Байырғыландыру бойынша комитеттің инспекторы ретінде есепте тұрса, 1934 жылдың 28 сәуіріндегі тізім бойынша, яғни жылға жетер-жетпес мерзімде аталған комитеттің Жауапты хатшылығына көтеріліп үлгереді. Кеңес қызметкерлерін осы кезеңдегі байырғыландыру мәселелеріне қатысты нұсқаулық құжаттармен кеңінен таныстыру мақсатында бойынша осы кезеңде оның басшылығымен ҚазҰлкелік комитеті мен ҚазССР жетекші материалдары негізінде «Байырғыландыру туралы» атты жинақ құрастырылады.

Бұдан өзге ол ЖШИ-дің қасіподак ұйымында мүше, жауапты хатшы және жергілікті комитет төрағасы ретінде белсенді жұмыс атқарады, ал 1934 жылы оны ҚазОАК жергілікті комитеті төрағасына тағайындаиды.

Оның зайыбы Жаухария Әмрина да білім алған сауатты әйел ретінде КазОАК-тің Жалпы бөлімінде машинист болып жұмыс істейді.

1934 жылы 4 шілдеде Алматы, Шығыс Қазақстан және Қарағанды облыстарының шеткі аудандарынан орталығы Қарқаралы қаласы болатын Қарқаралы округі құрылған кезде ҚазОАК Хабиболла Әмринді округтік халыққа білім беру бөлімінің басшысы ретінде жолдамамен жібереді.

Алайда екі жылдан соң Қарқаралы округі таратылады және ол Қарағанды облысы халыққа білім беру бөлімі басшысының орынбасары болып тағайындалады.

Осы жерде 1937 жылы Хабиболла И. В. Сталиннің осы жылғы мамырда Қазақстанның кеңес органдары мен зиялды элитасына қатысты жариялаған құғын-сүргін компаниясы ауқымында тұтқынға алынады.

Осы жерде қызмет істеп жүргенде бір адамдар көрсетіп, ойға сыймайтын айыппен тұтқынға алынады, ешқандай жаза жоқ, ештеңе дәлелдемей, сол жалған жаламен ату жазасына бұйырды. Осылай Хабиболла Әмрин 1938 ж. өмірден өтті, сонында жылап сырқат жас жұбайы және бес баласы қалды. Қөпке жетпей қайғыдан жұбайы да кайтыс болды. Балаларды ағайындар (Аскаров Зияш, Дайыров Сираж) және нағашыларының арқасында қатарға қосылды, бірақ кішкентай кезінен көрген қайғы өмір бойы жүректерінде дақ болып калды.

Бертін 1959 ж. Хабиболла Әмрин ешқандай қылмыс іstemеген деп реабилитация құжаттары келді. Басқаша айтқанда, «Кешірініздер, адамды байқамай

атып тастанпыз» дегені ғой. Шіркін қандай заман болған!?

Қазір сол жылдары саяси тұтқындар жаппай жерленген орын, Алматы қаласы маңындағы Жаңалық ауылында саяси құғын-сүргін құрбандарына ескерткіш белгі орнатылған.

»



### **3.2. Жемісті жылдар. Әдебиетші, ғалым F. Мұсабаев**

**Қазақ энциклопедиясынан.**

**Мұсабаев Гайнетдин Галиұлы (1907-1981)**

Тілтанушы, филология ғылымдарының докторы (1960), профессор (1968), ҚазССР FA корреспондент мүшесі, ҚазССР ғылымына еңбегі сіңген қайраткер (1971). Ұлы Отан соғысына қатысушы.

Қазақ педагогикалық институтын бітірген (1963).

КСРО FA Қазақстан филиалының қызметкері (1937-1939), аспирант (1939-1941), ҚазССР FA Тіл және әдебиет институты бөлім басшысы, директордың орынбасары (1952-1980).

Зерттеу жұмысының негізгі бағыттары: қазақ тілінің лексикологиясы, лексикографиясы, тарихы мен диалектологиясы, ежелгі түркі жазба ескерткіштерінің тілі, Қазақстанның эпиграфиялық ескерткіштері. Орысша-қазақша, қазақша-орысша сөздіктерді кұрастыру мен редакторлауға қатысқан.

Ордендер мен медальдармен марапатталған.

**Негізгі ғылыми еңбектері:**

Қазақ тіліндегі сын есімдердің салыстырымдық дәрежесі. Алматы, 1951.

Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1959.

Қазіргі қазақ тілі. Алматы, 1962, 1975 (бірлескен автор).

Қазақ тілінің тарихы мен оның грамматикасы тарихынан. Алматы, 1966.

---

Әйтім Әбдірахманов, филология  
ғылымдарының докторы, профессор

Жақындағанда көп ұлтты ұлан-байтақ еліміз бен дүниежүзіндегі прогрессіл адамзат баласы салтанатпен 60 жылдығын тойлап өткен Ұлы Октябрь революциясының мәнгілік нұрынан нәр алып, Отан алдындағы борышын адал ақтап келе жатқан азаматтардың бірі – Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, Қазақ ССР-нің ғылымға еңбегі сіңген қайраткері, филология ғылымының докторы, профессор, Ұлы Отан соғысының ардагері Файнетдин Ғалиұлы Мұсабаев.

Осыдан жетпіс жыл бұрын Омбы қаласында теміржол жұмысшысы Ғалидің отбасында дүниеге келген Ғайнетдин жастайынан өмір тепкісіне түсті. Балалардың ең үлкені Ғайнетдин қара жұмыс істей жүріп, ара-арасында оқып, Омбы қаласында орысша екі кластық білім алады.

1922 жылы Ғайнетдин 15 жасқа толғанда, жетімжесірге қарасын болып отырған Мұсабай қарт дүние салады да, жетімектердің бар ауыртпалығы оның мойнына түседі.

Сол кездерде Ғайнетдин Буряков деген орыс кулагына бірнеше жыл жалда жүреді. Буряковтың әйелі гимназия бітірген сауатты кісі болған. Осы үйде Ғайнетдин Тургенев, Пушкин, Лермонтов, Л. Толстой, Крылов, Некрасов сияқты орыс жазушыларының шығармаларын оқып, білімге деген құштарлығы арта түседі, оқысам деген ой көкейінен берік орын алады. Оның бұл арманы жергілікті совет, қомсомол қызметкерлерінің көмегімен жүзеге асып, Омбының педагогика техникумына оқуға түседі. Техникумды үздік бітіргеннен қейін, білім жолына түсуге бел байлайды. Алматыға жетуге қаражат болмай, Омбыдан алтын кені шығып жатқан Степняк қаласына ағаш қобдишасын арқалап жаяу жол шегеді. Мұнда шахта жұмысына орналасады. Жас жігіттің ой-арманын естіген жұмысшылар Ғайнетдинге қаражат жинап беріп, Алматыға оқуға аттандырады.

1933 жылы F. Мұсабаев Абай атындағы педагогика институтының тіл және әдебиет факультетіне оқуға түседі. Мұнда Сәкен Сейфуллин, Мұхтар Әуезов, Құдайберген Жұбанов, Санжар Аспандияров сияқты атақты ұстаздардың лекциясын тыңдайды. Әсіресе профессор Қ. Жұбанов Ғайнетдиннің таланттын танып, ерекше қамқорлыққа алып, ғылыми жетекшілік көрсетеді. Ол 1937 жылы Ғайнетдин КазПИ-ді бітірген соң, СССР ғылым академиясының Қазақ филиалына қызметкес орналасуына жәрдем етеді. Міне, содан бері

40 жыл бойы F. Мұсабаев Қазақ Ғылым академиясында абыройлы қызмет істеп келеді.

1941 жылы неміс фашистері елімізге опасыздықпен тұтқылдан шабуыл жасағанда F. Мұсабаев өз өтінішімен майданға аттанады. Ол соғыста жүрін, қатардағы солдаттан гвардия капитаны дәрежесіне дейін көтерілді, танк батальонының командирі қызметін атқарады. F. Мұсабаев Ұлы Отан соғысы тарихындағы шешуші шайқастарға –Сталинград түбіндегі, Курск-Орлов дөғасындағы және Киевті жау қолынан қайтарып алу үшін жүргізілген майданға қатысты. Сонымен бірге ол көптеген Европа елдерін – Румынияны, Польшаны, Чехословакияны фашизм құлдығынан азат етуге жан аямай ат салысты. Осы адамзат тарихындағы алапат соғыста ол бірнеше рет жарапанып, ауыр контузияға үшірады, құлағының естуі кеміді. F. Мұсабаевтың майдандағы ерлігін үкімет пен партия бағалап, оны «Қызыл Жұлдыз» орденімен және алтын медальмен наградтады.

Соғыстан кейін Файнетдин Қазақ ССР Ғылым академиясында ғылыми жұмыспен шұғылданумен қатар, пединституттарда, университетте лекция оқиды.

1948 жылы ол «Қазақ тіліндегі сын есім шырайлары» деген тақырыпта кандидаттық, ал 1960 жылы «Қазақ тілінің лексикасы» деген көлемді еңбекпен докторлық диссертация қорғайды. Ғылымдағы жемісті еңбектері үшін F. Мұсабаев 1962 жылы Қазақ ССР Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі болып сайланды, 1966 жылы профессор, 1971 жылы оған «Қазақ ССР-нің ғылымға еңбегі сіңген қайраткері» атактары берілді. Ғалым бүгінге дейін жүз оннан астам

ғылыми еңбек, мақалалар жазды, олардың жиырма алтысы кітап түрінде жарық қөрді.

F. Мұсабаев қазақ тілі біліміндегі ұзақ та көп зерттеген өзіндік орны бар саласы – қазақ лексикологиясы. Лексикология – тілдің сөз байлығы туралы ғылым екенін ескерсек, осының қыры мен сыры, қат-қабаты Ғайнекенің еңбектерінде толық сипатталады. Қазақ тіліндегі сөздердің ішкі мүмкіндіктері арқылы жасалуы да, сонау Алтай заманындағы моңгол-түркі тілдерінің ортақ лексикасы да, сол сияқты араб, иран, орыс, т.б. тілдерден енген кірме сөздер F. Мұсабаевтың еңбектерінде бақайшақтап талданды. Оның бұл саладағы туындылары Одақ көлеміндегі лексикологиялық еңбектердің қатарынан берік орын алады. Ғалым соңғы жылдары қазақ тілінің тарихи лексикологиясымен де шұғылданып жүр. F. Мұсабаевтің лексикология саласындағы көлемді еңбектері монография және жоғары оқу орындарының оқулығы ретінде 1954, 1959, 1962, 1975 жылдары басылып шықты. Сөйтіп, осындағы күрделі еңбектерінің нәтижесінде F. Мұсабаев қазақ лексикологиясының негізін салушы ғалым деп танылды.

F. Мұсабаев қазақ тілінің лексикография (сөздіктер жасау және зерттеу) саласында да ерінбей еңбек етіп келеді. 1942 жылдан бері F. Мұсабаевтың авторлығымен, қатынасуымен және редакциялауымен баспа бетін көрген көптеген екі тілді (орысша-қазақша, қазақша-орысша) сөздіктерді мектеп мұгалімдері, баспа, баспасөз қызметкерлері, аудармашылар күнделікті пайдалануда. Алайда оның басқаруымен жасалған орысша-қазақша, қазақша-орысша үлкен сөздіктердің

жарыққа шығуын республика жүртшылығы асыға күттеде. Фалым ағамыз бұл жағынан қарыздар екенін де атап өтпеске болмайды.

F. Мұсабаевтың ғылыми творчествосында ерекше орын алатын тақырыптың бірі – қазақ тілінің тарихы және әдеби тілдің қалыптасу мәселелері. Бұл саладағы ғалымның еңбектері 1952–1966 жылдары басылып шықты. Оның қазақ тілінің диалектологиясы, орфографиясы, терминологиясы сияқты салаларынан жазған шығармалары да мол.

F. Мұсабаев Қазақстандағы көне жазуларды, суретмұсіндерді де соңғы жиырма жыл бойы үніле зерттеп жүр. Осы бағытта жазған еңбектерінде автор қазақ жерінде ертеде көрнекті мәдениетті, жазуы бар тайпалар өмір сүргенін, олар кейін орта ғасырларда халық болып қалыптасқанда қазақтың құрамына енгенін дәлелдей берді.



### **3.3 Сабыр Мәліков – ұлы ғылымдарының жолын куған ізбасары.**

Солтүстік Қазақстан облысы әнциклопедиясынан.

**МӘЛІКОВ САБЫР** (1906, СКО, казіргі Уәлиханов ауданы Сирышы а. – 4.12.1969, сонда) – оқытушы. Қазақстанның еңбек сінірген мұғалімі. Петропавл мұғалімдер ин-тын (1937), Абай атын. Қазақ ұдттіқ пед. ун-тін бітірген. 17 жасынан Қызылту ауд-да. алғаш ашылған Бостан бастауыш мектебінде мұғалім болды. М. Қырықүйсай, Қондыбай ауылдарында бастауыш мектептердің ашылуына белсене араласты. Қызылту орта мектебінде 40 жылдан астам мұғалім, кейіннен директор болып еңбек еткен. М. Еңбек Қызыл Ту, «Құрмет Белгісі» ордендерімен және медальдармен марапатталған. Аудан орт. Қызылтуда (Кішкенекөл), бір көше Мәліков атымен аталған.

---

Тұрсынбек Мәліков, педагогика ғылымдарының докторы, Ш. Уәлиханов атындағы КМУ математика және физика кафедрасының профессоры.

Халқының рухани бастауына деген ілтираты, туған елі алдындағы көшбасшылық жауапкершілікті сезінуі тұрғысында кешегі аға буын ұстаздар тұлғасының қоғамшылдығы айырықша назарға ілігеді.

Мұның себебі, біздіңше, мұғалімдікке жалпы алғанда, адамгершілігі мейілінше зор адамдар баратындықтан, ал балалар әлемінің кіршіксіз тап-таза аурасы олардың бойындағы жақсы қасиеттердің сақталып, өрістеп отыруына мүмкіндік жасайтындығы болса керек. Мүмкін балалық түйсінудің субъективизмі мұғалім бейнесін идеалдандыруға аздал әсер ететін де болар, бірақ қалай дегенмен де кешегі қарт ұстаздар адами қарым-қатынас әлемінің әдемі бір көрінісі екендігін мойындау мүмкін емес.

Көкшетау облысындағы өткен ғасырдың 30-жылдарындағы алғашқы мектептің бірін ұйымдастырушы, Қазақ ССР-інің алғашкы еңбегі сіңген ұстаздарының бірі, Қызылту ауданының көрнекті көшелерінің біріне аты берілген, бірнеше ордендер, медальдармен марапатталған, жақсы ісімен халық жадында қалған ардақты адам, менің әкем Сабыр Мәліков те осындағы мұғалім болған еді.

Ол сонау 1906 жылы көп балалы отбасында дуниеге келеді, екі жасында анасынан, ал он төрт жасында әкесінен мәңгілік айырылады. Егерде бұған оның балалық шағымен тұспа-тұс келген аумалы-төкпелі 20-жылдарды қоссақ, оның тұлға ретінде қалыптасуы алансыз да жайлы тұрмыстың емес, үздіксіз еңбекте еріксіз шындалудың арқасы деуге болады. Мұның мәнісі, мүмкін құдайдан беріледі дейтін, оның табиғи

әлеуетінде және де сол кездегі отбасы күлті адам оміріндегі ең басты құндылық ретінде насихатталған, патриархалды өмір салтының руханилығында, адамилығында жатса қерек. Әкесінің аға, апалары әкешесінің орнын басып, оған білім алу мүмкіндігін жасайды. Бір-біріне, әсіресе үлкенге сыйластық қатынасты олар өмір бойы сақтап өтті. Менің есіме сол кезде біргалай жасқа келіп қалған әкемнің үлкен ағасы сол кезде әжептәуір жастағы інілері мен туысқандарына өзінше ұрсып, «болашаққа қорытынды шығартып», ал олардың ақсақалды құрметпен тыңдалап отырғаны жиі оралады.

Менің әкемді өзге қөп адамнан айқын ерекшелеп тұратын айрықша сипат белгі ол адамдарды жақсы қырынан тани билетін қасиеті болса қерек. Адам өмірден откен кезде, онымен бірге тұтастай бір әлем өледі дейді ғой. Сабыр Мәліков әлемі таза болғанын және онда көптеген жақсы адамдардың болғанын анық білемін, әрі бұл адамдардың бәрі әлдеқалай өзгеше адамдар емес, кәдімгі өзіміздің айналамыздағыларды қабылдайтынымыз сияқты, ортақол әрі есте қаларлықтай ештеңесі жоқ адамдар болатын. Бірақ сонымен бірге ол пасық қылышты адамдарды бағалауда шынайы болды, бұл ісі көбінесе нәтижесіз болатынын біліп тұрса да, ол бұларды тәрбиелеуден еш шаршамады.

Оның педагогикасы ешқандай құлықсыз, қара басының қамы үшін емес-ті, жалпы алғанда ол үшін мектеп-интернат директорының жұмысы ең алдымен мейірім мен көмек миссиясын жүзеге асырудың құралығана болатын. Оның тәрбие берудің даналыққа толығылыми әдістерін іздеуге мүмкіндігі болған жоқ, әрі

оған ерекше таңдау да берілмеген еді. Қоғам қарапайым да нақты, бірақ та ауыр жұмысты: көпшілігі тұлдыры жетім мектеп-интернат оқушыларына көмектесуді талап етті.

Оның игілікті істері туралы орталық және жергілікті басылымдарда шәкірттері, бүтінгі қариялар әлі күнге дейін еске алып, жазып жатады. Олардың барлығының суреттеулери арқылы үлкен парасатты, ақылды да мейірімді, аздал тәжірибесіз, тынымсыз, ұмытшақ және аңғал, бәрін қосын алғанда тапқыр да біртума адамның жазбалары мен әңгімелерінен біз мектеп-интернат балаларының өндірістік еңбекпен шұғылданғанын: жақын маңдағы көлден тұз шығарып, оны Омбы қаласына апарып сатып, тамаққа белгілі дәрежеде үстеме тауып отырғанын, құрылыш жұмыстарын орындағанын (пеш қалау және т. б.), мектеп маңындағы аланда көкөністер мен жемістер өсіргенін, тақыр далада алғашқы парк орнатқанын, интернатта даяшылық жасау қызметін орындағанын және т. б. жұмыстарды атқарғандарын білеміз. Бұл жұмыстардың барлығы оқушылардың өзін-өзі басқаруы арқылы орындалды. Қөптеген түлектер мектепті бітірген соң жоғары оқу орнына түсуге аттанатындей, белгілі көлемде қаржы жинақтау мүмкіндігіне ие болды. Өз студенттеріне ақшалай аударым жасау тәжірибесі іске асырылды, кейде бұл ақша кәдімгі мектеп мұғалімдерінің жалақысынан да жиналатын.

Мұның бәрі соғыстан кейінгі жылдары мектеп-интернатта жүзеге асырылған болатын және бұл тәрбиелеу әдістерінің жаңашылдығы туралы ешкімнің

де ойына кіріп-шыққан жоқ, бұл іс жүзіндегі мақсатты әрекет арқылы табылған, адамгершілік мотивінен туындаған сынақ-тәжірибе жолы болатын. Кейіннен өзінің әрінтеңіне айналған әкейдің оқушылары былайша естеріне алады: кейіннен, алпысыншы жылдары, облыс орталығынан келген ғалым бұлардың мектебінде баяғыдан бері қолданысқа сингізілген өндірістік оқыту әдісі туралы, мұны педагогикадағы тың жаңалық ретінде мұғалімдердің тамыз конференциясы мінберінен айтып тұрғанда шынымен де таң-тамаша болған екен.

Сабыр Мәліковтің адамгершілігін мына бір фактімен де өлшеуге болады, біздің үйімізде әр жылдары сегіз бала тұрып оқыды, олар туыстарымыздың, кейбірі бізге тіпті еш катысы жоқ адамдардың баласы болатын. Солардың бірі – алты жасар үйсіз-күйсіз орыс баласы еді, ол оны Омбы қаласынан тауып алып келген болатын. Оған өзіндік ішкі юморымен Кеңес Құдайбергенов деген ат береді (кейіннен бұл бала фронтқа шақырылып, хабарсыз кетті).

Мен оны ізгі көңілмен еске алмаған әкемнің бірде-бір шәкіртін көрмеген екенмін. Ол туралы айтқан кезде, әлсүмстік жағдайы, мінез-құлқы тұрғысында мұлде әртүрлі осы бір адамдардың барлығының жүзінде олардың балалық шағындағы ұстазы туралы естеліктермен нұрланған, қарапайым да балалық әлпет пайда болатынын көремін. Олардың барлығы да кейде шыңдығында оған жақсы ұстаз бейнесі туралы өздерінің субъективті түсініктері тұрғысында ойдан шығарылған қасиеттерді де иемдендіре отырып, өз ұстаздарын міндетті түрде мактауға тырысады. Мысалы, олардың

кейбіреулері өздері үшін Сабыр Мәліков тек жақсы математика мұғалімі ғана емес, математик ғалым болғанына бек сенімді. «Қазір мұндай адамдар жоқ» дегенді қосып қояды олар. Әрине, парасатты да тәжірибелі адам бұл адамдарға, олардың бұлай баға беруге құзыреті жетпейтіндігін айтып, қарсылық білдіруі де мүмкін. Алайда олармен қарсыласу мүмкін емес, бәлкім, қажеті де жоқ шығар.

Олардің мынадай жағдайда шынымен де рас, яғни менің әкем расымен де зиялды адам болғандығы: ол өмір бойы өздігінен білім алды, философияны, математиканы және Абай шығармашылығын қатты үнататын және одан үнемі цитата келтіріп отыратын. Соғысқа дейін ауданда алғашқылардың бірі болып мұғалімдер институтын, одан соң Абай атындағы педагогика институтының физика-математика факультетін бітірген, домбырада жақсы ойнайтын, қиссалар, төрттағандар мен тапқыр әзіл өлеңдер шығаратын, әннің сөзі мен әуенін өзі жазып шығаратын (кәсібілігіне кінә артуға болмас) және оларды анаммен бірге бәсеке даусымен орындашынын еді. Ол мектеп, оқушылары туралы, өмір жолы туралы кітап жазуды жоспарлаған еді, алайда бұған уақыт таба алмады: ұзаққа созылған ауыр науқастан 63 жасында қайтыс болды. Алайда оның шығармашылығы, өзі туралы естеліктер, эпиграммалары мен қисссасы ел аузында қалды, ол туралы еске алып әңгімелейді, әлденеше ондаған жылдар бойына оны айтушылардың аузымен еріксіз әдеби kontekste «өсе отырып» сол баяғы тамаша күндердің аңызы ретінде халық ауыз әдебиетіне айналып кеткен оның айтқандарын, педагогикалық

шизодгарын келтіреді. Мен бұл жағдайды ерекше мақтаң тұтамын, себебі менің әкем белгілі бір деңгейде халық ауыз әдебиетінс еніп отыр, ал бұған кейде тұастай романдар жазған адамдардың да қолы жетпейтіні бар емес пе.

Оның окушылары арасында Қазакстанның көптеген тамаша, әйгілі адамдары: академиктер, ғылым докторлары, артистер, өндіріс қайраткерлері мен озат еңбеккерлер бар. Мен әрқашан әкемнің окушыларының қолдауы мен көмегін сезінін келемін, олар өз үстаздарына деген ризашылықтарының белгісі ретінде, маған өздерін міндеткер сияқты сезінетінін аңғарамын. Мен өмір бойына «Сен ұстаз Мәліковтың ұлысың» деген айналамдағылардың алдында орнаған жауапкершілігінің аясында өмір сүріп келемін, бұл мені келенсіз істер жасаудан сақтандырды, жақсылыққа міндеттеді және үздік болуға ұмтылдырды. Өмір бойы мен менің әкемнің аруағынан тарайтын рухани жарықты сезінін клемін.

...Жұлдыздар ағып түскеннен кейін де ұзак жылдар ізі жарқырап тұруы мүмкін дейді. Тамаша адамдар да жұлдыздар сияқты, рухани, адамгершілік және басқа да жақсы адами қасиеттерінің мейірім шуағымен нұрландырып, халықтың жадында өмір сүруін жалғастыра береді. Осындай тамаша адамдардың бірі ретінде Сабыр Мәліков туралы естелік те адамдар есінде сақталып қалды.

## **Мазмұны**

KIPICPE .....	3
Насихат – Қазакия .....	5
1.1. Алғы сөз .....	5
1.2. Алла Тағала тарафынан қелген Құран Расул Алла әфәндіміздің хадисі .....	12
1.3. Құран ғазим не бұйырған? .....	14
1.4. Қазақтардың қазіргі халы .....	16
1.5. Ынтымақ-бірлік хакында шаригатымыз не айтқан? 18	
1.6. Болыстық сайлауында партияға бөлінуде пайда бар ма? Заары қанша? .....	21
1.7. Мектеп, медресе уа мешіттеріміз бар ма? .....	24
1.8. Бала оқытқан (муғалім) моллалардың уазифасы .....	26
1.9. Орысша оқып тіл үйрену шаригатымызда дұрыс па? Файда-заары қанша? .....	29
1.10. Әдебиет қазакия, яки, қазақтардың тіл мәнері .....	31
1.11. Өлең. Жакұт қазақ әдебиеті .....	33
1.12. Тобықты Ұбырай марқұмның сөздерінен .....	33
1.13. Сәдуақас Шормановтың бір сөзі .....	36
1.14. Замандастарыма бір-екі сөз .....	40
II. «Насихат Қазакия» еңбегі және оның бүгінгі зерттелу жағдайы .....	42
2.1. Кітаптің жазу стиліне түсініктеме .....	42
2.2. Кітаптің мазмұны жөнінде қысқаша түсінік (1959 жыл 11 октябрь) .....	44

2.3. Зейнелғабиден әл-Жаунаридің «Насихат Қазакия» сібесі жөнө оның бүгінгі зерттелу жағдайы .....	47
2.4. Зейнелғабиден әл-Жауари – ағартушы, педагог, жазуши .....	65
<b>III. ШЮКІРТТЕРІ .....</b>	<b>75</b>
3.1. Саяси және қоғам қайраткері Хабиболла Әмрин....	77
3.2. Жемісті жылдар. Әдебиетші, ғалым F. Мұсабаев....	85
3.3 Сабыр Мәліков – ұлы ұстазының жолын қуган ізбасары. ....	91

# **Зейнелғабиден әл-Жауһари және оның мектебі**

## **Оқу құралы**

**Құрастырушы Тұрсынбек Мәліков**

Жауапты редакторы Р.Ж. Абдрахманова  
Корректоры Г. Шаймергенқызы

Басыла 19.01.2016 <sup>ж.</sup> ж. көл койылды  
Пішімі 60×84 <sup>1/16</sup>. Шартты баспа табағы 6,3.

020000. Көкшетау қаласы, Абай к-сі, 112а  
тел. 8 (7162) 40-21-55, e-mail: [techno@keleshek-2030.kz](mailto:techno@keleshek-2030.kz)

«Келешекторгнаб» ЖШС баспасында басылып шыгарылды



ادبيات ملية

برجمي جزء

# نصيحت قرآنیہ

ناشر و محرر

وزیر العابدین بن الحاج محمد احمد البواری

حقوق الطبع عوریتہ عاندر



لوہا۔ شرق۔ مطبوعہ سی

۹۰۸

Электро-литографія. Варшава. Польща.  
1909.